

ISSN 2306-7365

1996 жылдың қарашасынан бастап екі айда бір рет шығады

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің

ХАБАРШЫСЫ

Н.А.Үсәеві UKTÜ Bilteni
№3 (91)



Вестник МКТУ им. Х.А.Ясауи
ҚЫРКҮЙЕК-ҚАЗАН



Bulletin of IKTU named N.A.Yasawi
2014

Қоғамдық ғылымдар сериясы



БАС РЕДАКТОР

физика-математика ғылымдарының докторы, профессор
УӘЛИХАН СЕЙДІЛДӘУЛЫ ӘБДІБЕКОВ

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

ЕРГӨБЕК Құлбек Сәрсенұлы
филология ғылымдарының докторы, профессор

-Бас редактордың орынбасары

ӘБІЛДАЕВА Гүлжан Елібайқызы

-аға редактор

БАЙҒҰТ Мадина Жүсіпқызы

-көркемдеуші редактор

ҚҰРЫЛТАЙШЫ
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

А Қ Ы Л Д А С Т А Р А Л Қ А С Ы

Әтемова К.	- педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Батмаз Эфтал	- доцент, доктор (Түркия)
Балтабаева А.Ю.	- философия ғылымдарының кандидаты, ХҚТУ профессоры
Беркімбаев К.М.	- педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Белл Херман	- доктор, профессор (Ұлыбритания)
Ергөбек Қ.С.	- филология ғылымдарының докторы, профессор
Еркибаева Г.	- педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Женгиз Режеп	- доцент, доктор (Түркия)
Жолдасбаев С.Ж.	- тарих ғылымдарының докторы, профессор
Куталмыш Мехмет	- доктор, профессор (Түркия)
Кутлу Сөнмез	- доктор, профессор, (Түркия)
Нажи Әнал Мехмет	- доцент, доктор (Түркия)
Накипов Б.	- заң ғылымдарының докторы, профессор
Нұсқабаев О.	- социология ғылымдарының докторы, профессор
Мұхамеджанов Б.	- педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Оразов Ш.	- педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Пала А.	- доктор, доцент (Түркия)
Тәукебаева Р.Б.	- филология ғылымдарының кандидаты, ХҚТУ профессоры
Тұрсын Х.	- тарих ғылымдарының докторы, профессор
Уразбаев Қ.Б.	- филология ғылымдарының кандидаты, ХҚТУ профессоры
Шенгүл Идрис	- доктор, профессор (Түркия)

*Журнал Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері
жөніндегі ұлттық агенттігінде 1996 жылғы 8 қазанда тіркеліп, №232 куәлік берілген.*
Индекс №75637

*Журнал 2013 жылдың қаңтар айынан бастап Париж қаласындағы
ISSN орталығында тіркелген.*
ISSN 2306-7365

Редакцияның мекен-жайы:

161200, Қазақстан Республикасы, ОҚО, Түркістан қаласы,
ХҚТУ қалашығы, Б.Саттархан даңғылы, №29, 507-бөлме
☎ (8-725-33) 6-36-36 (1960), E-mail: islam2006-82@mail.ru

*Журнал Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің
«Тұран» баспаханасында көбейтілді.*

Көлемі 70x100 1/6. Қағазы офсеттік. Офсеттік басылым.

Шартты баспа табағы 7.25. Таралымы 300 дана. Тапсырыс 548. ©

ӘОЖ 372.651 104

Е.НҰРАХМЕТОВ

филология ғылымдарының докторы, профессор
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ

М.О.СЫЗДЫҚОВА

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ КЕЙБІР ӘДІСТЕРІ

Бұл мақалада ойын элементтерін пайдалана отырып оқушылардың ағылшын тілі сабағына қызығушылығын арттыру.

Бүгінгі таңда қоғамымыздың даму бағытында жан-жақты дамыған сауатты, саналы азамат тәрбиелеу мәселесі жүктеліп отыр. Мұндай мақсаттың баянды болуы оқу-ағарту жүйесінің үлесіне түсетінін ескерсек, білім негізі бастауыштан басталғандықтан, жас жеткіншектердің білімді, білікті болуында ойынның алатын орны ерекше.

Ағылшын тілін оқытып үйретуде көптеген ойындарды қолданамын. Ойынның негізгі мақсаты – оқушыны қызықтыра отырып білімді берік меңгеру болса, менің міндетім – сол ойын түрлерін пайдалана отырып, оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру және әр тақырыпты жете меңгерту, оқушыларды өздігінен жұмыс істей білуін ой белсенділігі мен тіл байлығын арттыра түсуге түрлі дағды мен шеберлікті меңгертуге қол жеткізу.

Мектеп оқушыларына шетел тілін оқытудағы бір негізгі аспект ол ойын элементтерін тиімді пайдалану болып табылады. Әр сабақ процесінде қандай дидактикалық ойын қолдануға болатынын сабақтың мазмұнына, мақсатына жас ерекшелігіне сәйкес таңдау керек. Сабақтағы ойын – ұжымдық еңбек.

Кілт сөздер: ағылшын тілі, ойын технологиясы, оқыту, қызығушылығын арттыру.

Адамзаттың көптеген жылдар бойғы ойнау тәжірибесі ойынның білімдік құндылығын дәлелдеді. Ойынның шығу сырын ғалымдар жүздеген жылдар бойы зерттеп келеді. Ойын өмірде пайдасыз көрінгенмен аса қажетті көрініс, құбылыс. Ойын балалардың оқуға, еңбекке деген белсенділігін, қызығушылығын арттырудағы басты құрал. Ойын барысында балалардың белсенділігі, шығармашылығы дамиды. Ал мұғалімнің міндеті – балаларды ойынға өз қызығушылығымен, ынтасымен қатысуын қамтамасыз ету [1].

Ағылшын тілі мұғалімдерінің оқу-тәрбие жұмысының негізгі саласы сабақ. Сабақ үстінде оқушылардың біліктілігі, іскерлігі, дағдысы, дүниетанымы дамиды. Негізгі бетбұрыс оқушы білімінің сапасын арттыру, ол дегеніміз түпкі нәтижені көре білу, яғни оқушыға берген біліміміздің қайтарымын көру. Ол үшін сабаққа сыныптағы оқушының барлығын қызықтыра отырып қатыстыру қажет. Бес саусақ бірдей емес, яғни әр оқушының сабаққа қызығушылығы, дүниетанымы, даму ерекшеліктері әртүрлі. Сондықтан оқушылардың осы топтарына әртүрлі деңгейде талап қоюға тура келеді. Ал ойын элементтері кез-келген оқушының қызығушылығын тудырады. Тіпті нашар оқитын оқушының өзі ойын арқылы берілген тапсырмаларды асқан қызығушылықпен, белсенділікпен орындайды. Оқушылардың қызығушылықтарын туғызатын ойындардың бірі – дидактикалық ойындар [2].

Ойын элементтерін қолдана отырып мұғалім оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын, зейінін арттыру мақсатында әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданады. Атап айтқанда, мұғалім ойын жағдаяттарын туғыза отырып, әртүрлі заттарды қолдану арқылы сұрақтар қойып, затты көрсетіп, түсіндіріп ойын сюжетін құрастырады.

Ағылшын тілі сабақтарында дидактикалық ойындарды жаңа тақырыпты түсіндіру барысында, қайталау, пысықтау, жаттығу сабақтарында да пайдалануға болады. 5,6 сынып оқушылары әлі де ойын баласы, сондықтан мұғалім оларды жалықтырмай әртүрлі ойын түрлерімен сабақты қызықты өткізуге тырысуы қажет. Ойындар оқушылардың ой- өрісін дамытып, ойлау қабілетін арттырумен қатар, үйретілген, өтілген тақырыптарды саналы да берік меңгеруге үлкен әсер етеді. Ойын оқу пәндерінің мазмұнымен тығыз байланыста жүргізілгенде ғана дұрыс нәтижелер береді.

Ойын арқылы оқушы нені меңгереді?

1. Оқушылар нақты қызмет тәжірибесін меңгереді.
2. Оқушылар тек бақылаушы ғана емес, өздері қатыса отырып қиын мәселелерді өз бетінше шеше білуге үйренеді.
3. Оқу процесінде алған білімді нақты істе қолдана білуге мүмкіндік береді.
4. Оқушы әрекетіне негізделген оқу көлемін басқарады.
5. Уақытты үнемдеуге үйретеді.
6. Оқушылар үшін психологиялық жағымды.
7. Ойын барысында шешім қабылдау оқушылардан аса жауапкершілікті талап етеді.
8. Оқушылар үшін қауіпсіз [3].

Ағылшын тілі сабағында ойын технологиясын қолдану арқылы оқушылардың тілге деген қызығушылығын қалыптастыруда еңбек, ойын және оқу ерте кезден-ақ адам тіршілігінің негізгі үш тірегі болып есептелінген. Ол балалар үшін кәмілетке келгенше жүріп өтетін өмір сатысы.

Ойын технологиясы балалардың айналасын тану қызметіндегі белсенділігі мен шығармашылығының қалыптасуына жолды кең ашатын табиғи құбылыс. Атақты педагогтар В.А.Сухомлинский, Н.К.Крупская, К.Д.Ушинский ойынның балалардың ой-өрісін дамытуда, дүние танымын қалыптастыруда тәжірибелік маңызы зор екенін атап көрсеткен [4].

Ойын арқылы оқыту технологиясы ағылшын тілі сабақтарында кеңінен қолданылады. Әр мұғалім технологияның нәтижесін дұрыс болуы үшін мынандай жағдайларды ескеруі қажет:

- Әр ойынның тәрбиелік, білімділік, дамытушылық маңызын алдын-ала жете түсініп, оның балаларға қандай нәтиже беретіндігін анықтау
- Ойын жүргізетін орынның мүмкіндігі, ойын жабдықтарының эстетикалық талаптарға сай болуы, алдын-ала әзірлеу.
- Сыныптағы оқушылардың жас, психологиялық ерекшеліктеріне, білім деңгейлеріне, сөздік қорына сәйкес келуі.
- Ойын кезіндегі қозғалыс, техникалық қауіпсіздіктен қамтамасыз ету.
- Ойынның, сабақтағы ойын элементтерінің оқушылардың ынтасын тартып, пәнге деген қызығушылығын арттыруға бағытталуы.

Ойынның сабақ барысында басты мақсаты – білім беруді ойынмен ұштастыру. Баланың ойынға белсенді түрде қатысуы оның ұжымдағы басқа да әрекеттерін айқындайды. Ойын бір қарағанда қарапайым құбылыс не әрекет сияқты болғанымен, ол ұжымдық әрекет. Ойын арқылы оқушының: қисынды ой-қабілеті дамиды; өздігінен жұмыс істеуге үйренеді; сөздік қоры байиды, тілі дамиды; зейіні қалыптасады; байқампаздығы артады; өзара сыйластыққа үйретеді; ойынның ережесін бұзбау, яғни, тәртіптілікке баулиды; бір-біріне деген оқушы сенімі артады; сабаққа қызығушылығы артады.

Сабақ барысында оқушы зейінін сабаққа аудару, ауызша сөйлей алу және жазу дағдысын қалыптастыру, пәнге деген қызығушылығымен өз бетінше жұмыс жасай алу қабілетін дамытуда дидактикалық ойындардың үлесі зор десек болады. Ойын арқылы бала көптеген мәліметтер алады, психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Баланың жас ерекшелігіне, сабақтың мақсатына сай ұжымдастырылған ойындардың берері мол.

Келешекте жаппай 12 жылдық білімге көшетіндіктен 12 жылдық білім беру бойынша мемлекеттік стандарт жобасын алып қарасақ та оқытудың ойын технологиясына үлкен мән берілген. «Пәндік, пәнаралық сипаттағы дидактикалық және сюжеттік, рөлдік ойындар білім алушыға өзін танытуға, жолдастарының пікірімен санасуға, көпшілік алдында сөйлеу қабілетін үйренуге, жан-жақты білімін көрсетуге мүмкіндік береді. Рөлдік, сюжеттік ойындардың көмегімен білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыратын оқу міндеттерін шешуге болады.

Ойын арқылы оқушының білімі мен бейімін, жеке тұлғалық қасиет-қабілеттерін арттыру мүмкіндіктері зерттелген. Ойындардың қажеттілігін

іріктеп ала білу – ұстаз шеберлігіне байланысты. Оқушының тілін дамытуда сөздік ойындарын қолдану тиімдірек. Сондай ойындардың бірі – «XXI – ғасыр көшбасшысы».

Тақырыбы: XXI – ғасыр көшбасшысы.

Мақсаты: оқушылардың білім деңгейін анықтап, тез ойлауға, есте сақтауға, өз ойын жан-жақты толық жеткізе білуге үйрету. Пәнге деген қызығушылығын арттыру.

Барысы:

1. «*Bәйге — baige*» әртүрлі жұмбақтар шешу.

A: Without a tongue,

Without an ear,

I can speak,

A sing

And hear. (a tape recorder)

B: It runs and runs

ut never kun out,

flows at. I'm talking about? (a river)

C: Has no legs

But jast for ful

It is always

On the run. (a ball)

D: This colored chalk

In a holder of wood

For driving and writing

Is perfectly (a pencil)

2. «*Ең жақсы сөйлеуші — The best speaker*»

Тақтадағы қалташадан суреттерді алып, оны ағылшын тілінде бейнелеу.

3. «*Полиглот — Polyglot*»

1. Батыр туса ел ырысы, — жауса, жер ырысы. (Жаңбыр, дождь, rain)

2. Не істесеңде – істе, Ойламай іс қылсаң, қор болмайсың. (Ойлау, думать, think)

3. Жақсы жаныңа —, Жаман малыңа —. (Дос, друг, friend)

4. Өз елімнің басы болмасам да, Сайының — болайын. (Тас, камень, stone)

5. Ел жаусыз болмас, Жер — болмас. (Тау, гора, mountain)

4. «*Көкпар — kokpar*» сандарды таңдайды.

1. How many states are in the USA? (50)

2. What is the national symbol of England? (a red rose)

3. Country consists of 4 parts? (the UK)

4. Where is the Kazakhstan situated? (Asia)

5. Who was the first president of the USA? (George Washington)

6. Why did France give the statue of liberty to America? (symbol of friendship)

7. Name there main parts of London? (the city, the west end, the east end)

5. «Дұрыс па? – Is it right?»

Қысқаша әңгіме оқылады. Оқушылар не түсінді оны қағаз бетіне сурет түрінде түсіреді.

6. «Кім көп біледі? – Who knows more?»

Грамматикалық тапсырма беріледі. Берілген сөздердің ішінен зат есімді, етістікті, ысн есімді теріп жазу.

The end

Сайыс-сабақ соңында сарапшыға сөз беріліп, жеңімпаз оқушы анықталады.

Оқытушы ойынның жүру барысында оқушылардың түгел қатысуын қадағалаумен қатар оларды ойын үстінде дұрыс шешім қабылдай білуге жетелеуі маңызды болып табылады.

Мектептегі шетел тілін оқыту әдістемесі бойынша ойындарды екі түрге бөлуге болады. Олар: дайындық ойындары және шығармашылық ойындары. Дайындық ойындарына грамматикалық, лексикалық, фонетикалық және орфографикалық ойындар жатады. Грамматикалық құрылымдарды есте сақтау қиындау және оқушыны жалықтырып жібереді. Сол себептен ойын бұл тапсырманы жеңілдетеді. Мысалы, затты тығып қойып, ағылшын тілінде «Менің көзілдірігім қайда?» немесе «Мынау не?» деп сұрақ қою. Сөз орын да есте сақтау оңай емес болғандықтан, ойын ойнатқан жөн деп есептеймін. Мысалы, «Домино», «Бинго» ойындары, қызықты геометриялық фигураларды сызып, оның әр бұрышына сандарды немесе әріптерді эстетикаға сай, ретсіз жазып қойып, атап беру. Фонетикалық ойындар сөзді дұрыс айтуға арналған. Ал орфографикалық ойындардың мақсаты сөзді қатесіз жазу.

Қытай даналығында: «Маған айтсаң, мен ұмытып қаламын; маған көрсетсең, мен есімде сақтаймын; ал өзіме әрекет жасауға мүмкіндік берсең, мен үйренемін» деп айтылғандай, біз балаға бір ақпаратты тек айтып қана қойсақ, ол ұмытып кетуі мүмкін, көрсетсек есінде қалуы мүмкін, ал ойын үрдісінде баланың өзіне жасауға мүмкіндік берсек, бала өзі үйреніп кетуі әбден мүмкін. М.Жұмабаев «Ойын – бала үшін өмірлік тәжірибе» - деп атап көрсетсе, ал, шетелдік ғалым Ж.Пиаже «ойын-баланың рухани дамуының негізі» – деген, сонымен қатар, К.Левин, Л.С.Выготский, Д.Б.Эльконин сияқты ғалымдар да өз еңбектерінде ойын әрекетінің оқу үрдісінде маңызды құрал болып табылатындығын атап көрсеткен [5].

Қорытындылай келе, дидактикалық ойындар оқушылардың таным белсендігін жандандыратын, өздігінен ойлауын дамытатын тәсілдердің бірі. Олар кез-келген оқу материалын қызықты да тартымды қылып, оқушылардың көңілді күйін көтеруге, өздерінің жұмыстарына қанағаттануға және білім үрдісін жеңіл меңгеруге көмектеседі. Сабақ барысында ойын арқылы дамытуға арналған тапсырмалар жүйелі бағыттталып, ұйымдастырылып

отырса сонда ғана мұғалімнің сабақ мақсатына жеткізуіне мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Иманқұлова С.* «Жаңаша оқыту әдістемесі» //Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің хабаршысы, Филология сериясы, №1, 2006. – 97-98 б.б.
2. *Сақтағанова М.С., Алиева Н.Қ., Айтбаева Н.Қ.* «Ағылшын тілін оқытудың әдістері» //Білім, №3, 2006 ж. 43 б.
3. *Ботагарина Г.* «Ағылшын тілін оқытудағы бүгінгі белес» //Білім, №3, 2006 ж. 70 б.
4. *Құлжанова Н.* Ойын мақсатын талдау және ойын мәні //Қазақстан мектебі-2001.-№1, 74 б.
5. *Ахметов Н.К., Хайдаров Н.Ж.* Игра как процесс обучения. – Алма-Ата: Знание. 1985. – 48 с.

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматривается методика обучения английского языка с использованием игровых технологий, игровой метод обучения не только позволяет усилить интерес учащихся к изучаемому предмету, но и помогает им свободно выразить свои мысли, мнения, позицию, а также выслушать, дополнить и оценить ответ собеседника.

(Нұрахметов Е., Сыздыкова М.О. Использование некоторых методов игровых технологий на уроках английского языка)

SUMMARY

The article deals with the effectiveness of using game technologies in teaching English. Game method in teaching gives an opportunity not only to increase students' interests in the subject, but also to develop their skills in expressing minds, listening to another person's answer, completing it and saying its advantages and disadvantages.

(Nurahmetov E., Syzykova M.O. Some Methods of Using Game Technologies in English Lessons)

UDC 372. 651 10 44

N.K.АЙТБАЙЕВА

Candidate of Philology science,
associated professor of IKTU named after Kh.A. Yasawi

N.R.ABDUSSATTAROVA

Master student of IKTU named after Kh.A. Yasawi

SLANG IN MASS MEDIA

Slang is a controversial topic nowadays, and the debate on its definition, classification and linguistic relevance is still heated. The concept of slang has been inaccurately defined by many lexicographers who tend to restrict it to colloquial or bad language, and the term has been imprecisely used by many sociolinguists who conflate it with such language varieties as cant, jargon, dialect, vernacular or accent.

Key words: slang, learners, classroom, Mass Media.

Slang, informal, nonstandard words and phrases, generally shorter lived than the expressions of ordinary colloquial speech, and typically formed by creative, often witty juxtapositions of words or images. Slang can be contrasted with jargon (technical language of occupational or other groups) and with argot or cant (secret vocabulary of underworld groups), but the borderlines separating these categories from slang are greatly blurred, and some writers use the terms *cant*, *argot*, and *jargon* in a general way to include all the foregoing meanings.

For example **J. B. Greenough** and **C. L. Kitteridge** define slang as follows:

“Slang ...is a peculiar kind of vagabond language, always hanging on the outskirts of legitimate speech but continually starting or forcing its way into the most respectable company”

“**Longman Dictionary of Contemporary English**” affirms that: “Slang is a very informal language that included new and sometimes not polite words and meanings, is often used among particular groups of people and usually not used in serious speech or writing”

The “**New Oxford English Dictionary**” defines slang as follows:

- a) the special vocabulary used by any set of persons of a low or disreputable character; language of a low and vulgar type;
- b) the cant or jargon of a certain class or period;
- c) language of a highly colloquial type considered as below the level of standard educated speech, and consisting either of new words or of current words employed in some special sense” [1].

We can notice that this word has mostly negative connotations, but there also

exist some definitions that lead closer to the better understanding of the notion. For example “**Oxford Advanced Learner’s Compass**” affirms that: “Slang is very informal words and expressions that are common in spoken language, especially used by particular group of people, for example, children, criminals, soldiers, etc.”

It is very interesting to observe that not only the criminals and vagabonds are in the list of the social groups using slang but and the children and soldiers, moreover children are mentioned first in this list.

So we can see, that the modern linguists begin to change their attitude towards the concept of slang in general.

Origins of Slang

During the Middle Ages, certain writers such as Chaucer, William Caxton, and William of Malmesbury represented the regional differences in pronunciations and dialects. The different dialects and the different pronunciations represented the first meaning for the term "slang".

Slang tends to originate in subcultures within a society. Occupational groups (for example, loggers, police, medical professionals, and computer specialists) are prominent originators of both jargon and slang; other groups creating slang include the armed forces, teenagers, racial minorities, ghetto residents, labor unions, citizens-band radiobroadcasters, sports groups, drug addicts, criminals, and even religious denominations (Episcopalians, for example, produced *spike*, a High Church Anglican). Slang expressions often embody attitudes and values of group members. They may thus contribute to a sense of group identity and may convey to the listener information about the speaker’s background. Before an apt expression becomes slang, however, it must be widely adopted by members of the subculture. At this point slang and jargon overlap greatly. If the subculture has enough contact with the mainstream culture, its figures of speech become slang expressions known to the whole society. For example, *cat* (a sport), *cool* (aloof, stylish), *Mr. Charley* (a white man), *The Man* (the law), and *Uncle Tom* (a meek black) all originated in the predominantly black Harlem district of New York City and have traveled far since their inception. Slang is thus generally not tied to any geographic region within a country [2].

A slang expression may suddenly become widely used and as quickly date (*23-skiddoo*). It may become accepted as standard speech, either in its original slang meaning (*bus*, from *omnibus*) or with an altered, possibly tamed meaning (*jazz*, which originally had sexual connotations). Some expressions have persisted for centuries as slang (*booze* for alcoholic beverage). In the 20th century, mass media and rapid travel have speeded up both the circulation and the demise of slang terms. Television and novels have turned criminal cant into slang (*five grand* for \$5000). Changing social circumstances may stimulate the spread of slang. Drug-related expressions (such as *pot* and *marijuana*) were virtually a secret jargon in the 1940s; in the 1960s they were adopted by rebellious youth; and in the 1970s and '80s they were widely known.

A slang expression may suddenly become widely used and as quickly die. It may become accepted as standard speech, either in its original slang meaning (bus from omnibus, taxi, piano, phone, pub mob, dandy) or with an altered, possibly tamed meaning (jazz, which originally had sexual connotations). Some expressions have persisted for centuries as slang (booze for alcoholic beverage). In the 20th century, mass media and rapid travel have speeded up both the circulation and the demise of slang terms. Television and novels have turned criminal cant into slang (five grand for 5000). Changing social circumstances may stimulate the spread of slang. Drug-related expressions (such as pot and marijuana) were virtually a secret jargon in the 1940s; in the 1960s they were adopted by rebellious youth; and in the 1970s and '80s they were widely known. But this must be done by those whose mother tongue is English. They and only they, being native speakers of the English language, are its masters and lawgivers. It is for them to place slang in its proper category by specifying its characteristic features [3].

Many words formerly labeled as slang have now become legitimate units of the Standard English. Thus, the word "kid" (=child), which was considered low slang in the 19th century, is now a legitimate colloquial unit of the English literary language.

It sounds unbelievable but not so long ago the words: of course, to take care, to get up, lunch were considered to be slang. "Lunch" entered the language after World War I is not used in some books that prefer "dinner" to "lunch".

So, if to draw a line, we can say that language is very informal use of words and phrases for more colorful or peculiar style of expression that is shared by the people in the same social subgroup, for example, computer slang, sports slang, military slang, musicians' slang, students' slang, underworld slang, etc. Slang is not used by the majority of native speakers and many people consider it vulgar, though quite a few slang phrases have already come into standard usage. Slang contains many obscene and offensive words and phrases. It also has many expressions that are acceptable in informal communication. Slang is highly idiomatic. It is flippant, irreverent, and indecorous; it may be indecent or obscene. Its colorful metaphors are generally directed at respectability, and it is this succinct, sometimes witty, frequently impertinent social criticism that gives slang its characteristic flavor. Slang, then, includes not just words but words used in a special way in a certain social context [4].

Practical Part

Slang in Newspapers and Magazines

“The Daily Star”

• The 45-year-old actress has **kept a low profile** since her public split from husband Jesse James after she won the Best Actress Oscar for her role in *The Blind Side* earlier this year (about Sandra Bullock).

➤ **keep a low profile - to hide.**

• Superstitious Rihanna fears her Last Girl On Earth tour is cursed... Call me controversial but I wonder if partying until 4am after each **gig** has anything to do with it?

- **Gig** - a playing engagement for a musical artist or band.

“The Telegraph”

• Shrek: Hollywood's big, green money machine

David Gritten explains why DreamWorks has been reluctant to kill off its monstrous **cash cow**.

- **Cash cow**- business or investment that provides a steady income or profit.

• All major studios are now mere "film divisions", **cogs in the wheel** of giant conglomerates run by moneymen who care little for the quality of what we see on cinema screens.

- **cog in the wheel** - an unimportant person/part in a larger organization [5].

“The Sun”

• Jordan Told To **glitz up** a wedding

➤ **Glitz** - ostentatious showiness; gaudiness or glitter (**glitz up** here means to invite more celebrities to her wedding)

“The People”

• “We’ll **give it a shot**, guys”- said Kristen.

- **to give it a shot** - to attempt

• Mitchell **tweets** about being mugged

- **To tweet** – to post a message on Twitter

• “Jamie went mental when he saw the pictures and Fernando was made the **fall guy**”.

- **A fall guy** - a person who is blamed for something bad.

• Kylie Minogue looking great. Here's gorgeous Kylie Minogue showing off her **untampered-with** face in New York

- **untampered-with** – pure, here- with no botox or plastic surgery.

Slang on TV

Revision 3 Internet television. “The Pop Siren Show”

• “I know, I rule!”

- **To rule** - to be excellent.

• “Can you see some girls go **gaga**?”

- **gaga**(adj)- crazy

• “No matter what, we’re **hanging online** twenty four-seven”

- To **hang online**- to be online [6].

“Celebrity Gossip” by the CleverTV company.

• “The original movie has **bombed at the box offices**”(about “Buffy the vampire slayer”)

- **box office bomb** – flop

- “Are Justin and Miley visiting **Splitsville**? We're breaking it down right here on ClevverTV.” (about Miley Cyrus and her boyfriend)

- To visit **Splitsville** – to split up or to break up.

Slang On Radio

- “I was absolutely **blown away**” - Louie Spence choreographer and television personality (The Sun Radio)

- To be **blown away** – to be extremely surprised.

- Just send us some **cheeky** e-mail (BBC Radio 1)

- **Cheeky** - smart aleck

- Spastic Waves is an experimental radio show looking to possibly **push the envelope**

- **push the envelope** - approach or extend the limits of what is possible. Originally aviation slang, relating to graphs of aerodynamic performance

REFERENCE

1. The Oxford dictionary of modern slang - John Ayto / John Simpson. Published by Oxford University Press. 1992.

2. Dictionary of contemporary slang - Tony Thorne. Published by Bloomsbury / London. 1997.

3. Partridge, Eric. Dictionary of Slang and Unconventional English. Macmillan, 1985. A classic, with 7,500 entries; first published in 1937.

4. Peter van der Merwe, Origins of the Popular Style (1989, reissued 1992),

5. Webster's Revised Unabridged Dictionary, © 1996, 1998 MICRA, Inc

6. Wentworth, Harold and Flexner, Stuart Berg. Dictionary of American Slang. Crowell, 2d ed., 1975.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада сленг құбылысының пайда болуы, оның анықтамасы және БАҚ-та қолдану мәселелері арқылы қоғам сана-сезіміне, оның мінез-құлығына және өмір салтына ықпалы зерттелінеді.

(Айтбаева Н.А., Абдусаттарова Н.Р. Бұқаралық ақпараттар құралындағы сленг)

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматриваются происхождение сленга, его определение и проблемы использования сленга в СМИ, которые оказывают влияние на общественное сознание, его поведение и жизненный уклад.

(Айтбаева Н.А., Абдусаттарова Н.Р. Сленг в СМИ)

ӘОЖ 818 992 7

З.САХИТЖАНОВА

филология ғылымдарының кандидаты,
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің аға оқытушысы

З.УМАРОВА

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

**АЛЫПТАРДЫҢ АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ
ҰҚСАСТЫҚТАРЫ**

Бұл мақалада ағылшын және қазақ фольклорындағы мифтік образдардың типологиясы қарастырылады. Әсіресе, алыптардың, великандардың, дәулердің ағылшын және қазақ фольклорындағы белгілі бір өзгешеліктері ерекшеленеді. Мифтік образдардың типологиясы халықтың дамып отыруының маңызды себебі деуге болады. Бір-біріне жат тілдердегі мифтік образдардың ұқсастықтары мен өзгешеліктерін айрықша анық аңғарамыз. Кез келген фольклорлық, мифологиялық кейіпкерлер тек өзіне тән ерекшеліктері мен жағымды немесе жағымсыз қасиеттеріне ие. Олар әлем мифологиясында өз орнын алған. Алыптардың ерекше дене бітімі мен айрықша күш-қуатты болуының мәні олардың жаратылысындағы жоғарғы күштермен байланысты болуында дей аламыз. Ә.Қоңыратбаев ертегілерде адамға жамандық ойлап жүретін мифтік образдардың бірі – жалмауыз кемпір образын сомдауында тарихи өзгерістердің орын алғанын да байқаған. Жалмауыз кемпірдің құбыжық типін тануға болады. Әр түрлі халықтың фольклорында бұл бейнелер кездеседі және бұл образдарда ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табуға болады.

Кілт сөздері: алыптар, великандар, дәулер, құбыжық, огр, Атлант, Антей, Толағай, Жалмауыз, сиқыр.

Ағылшын мифологиясында алыптардың, великандардың, дәулердің алатын орны үлкен. Кез келген халықтың фольклорындағыдай олар белгілі бір ұқсастықтарымен, өзгешеліктерімен ерекшеленеді. Ағылшын мифтеріндегі басты кейіпкер осы алыптардың бірі – огр (адамжегіш). Огр - алыптар тобының көрнекті түрі. Басқа алыптармен, дәулермен ұқсастығы – денелері үлкен, қолдары қайықтың ескегіндей, иықтары бес қарыс, аламан күштің иесі; басты айырмашылығы – олар шығыс фольклорындағы алыптардай халықтың көмекшісі емес, керісінше, адамдарды ас ретінде пайдаланады.

Огр, әдетте, үлкен, жиіркенішті, адамдармен тамақтанатын құбыжық ретінде бейнеленеді. Огрлар әлем мифологиясында, фольклорында және көркем шығармаларында жиі кездеседі.

Огр көптеген көне дәуірдің классикалық шығармаларында, әсіресе, ертегілерінде сәбилермен қоректенетін құбыжық бейнесінде көрінеді. Бейнелеу өнерінде огрлар, көбінесе, ерекше биік, денесіне сәйкес келмейтін үлкен басты, қалың шашты, терісі ерекше түсті, тойымсыз ашқарақ және күшті дене иесі ретінде суреттеледі [1].

Огрлар мифологияда гиганттармен және канныбалдармен қатар бейнеленеді. Фольклор мен көркем шығармалардың екеуінде де гиганттарға огрлық қасиеттерді береді (мысалы, «Джек және бұршақ талшығы», «Өлім әкелетін гигант Джек», «Пилигримнің саяхатындағы» «Шарасыздық гиганты» және скандинавиялық мифологиядағы «Джотнар»). Ал огрларға керісінше, гиганттық қасиеттер беріледі [2].

Фольклордағы атақты огрлар: «Етік киген Мысықтағы» адамжегіш, «Бармақтай баладағы» адамжегіш, «Шректегі» Фиона мен Шрек. Кейбір жағдайларда огрлар басты кейіпкер болады (мысалы, «Көк сақалдағы» алып, «Сұлу мен Құбыжықтағы» аң, «Беовульфтың» Грендель, Гомердің «Одиссеясындағы» Полифема есімді циклоп, «Теңізші-Синдбадтағы» циклоптар).

Кез келген фольклорлық, мифологиялық кейіпкер сияқты огрлар мен огристер - тек өзіне тән ерекшеліктер мен жағымды немесе жағымсыз қасиеттердің иесі. Олар әлем мифологиясында өз орнын алған.

Ежелгі гректердегі Атлант аспанды иығымен тіреп тұрған, демек, ол да – алып. Оның мұндай ауыр іске баруы өз еркімен болмаған, бұл Батыс пен Шығыс әдебиетінің, соның ішінде мифтік түсініктердің ұқсастығын арнайы зерттеген ғалымдар Атлант образының да мәнін анықтаған. Гомер оны: «Один подпирает громаду длинноогромных столбов, раздвигающих небо и землю», - деп, оның теңіз түбіндегі болып жатқанның бәрінен хабардар екенін де жазған [3].

Түрік фольклорындағы алыптар образы осы кезге дейін арнайы зерттеу нысанына айналған жоқ. Бірақ Стеблин-Каменскийдің: «Они живут в горах и пустынях, сами они полубоги, полугоры» [4], - деген сөзінің жаны бар. Ал, қазақ пен моңғол мифтерін типологиялық тұрғыдан зерттеген А.Тойшанұлы алыптардың географиялық нысандардың жасалуына қатысы бар екенін атай отырып: «Алыптар мифологиядағы әлемді ретке келтіретін жасампаз қаһарманға жуық функция атқарады» [5], - деп атап өткен. Қазақ фольклорындағы Толағай батырдың дүниеге келуінің өзінде мән бар екені айтылады. Мәселен, шұрайлы жерден қоныс алған, малға да, жанға да берекелі мекенге ие болып отырған халықтың: «Бізде барлығы бар. Бірақ сол мал-жанды қорғайтын батырымыз болса екен», - деген бір ғана арманы болған екен деп баяндалады. Халықтың тілегіне сай дүниеге бір нәрестенің жыл санап емес, күн санап ержеткені айтылады. Сол бала қиыншылыққа ұшырап, күйзелген ел-жұрттың жағдайын ойлап, ақсақалдың кеңесімен Алатауға келіп, бала тауды арқалап кетеді. Әуелі ширақ қимылдаған ол бірте-

бірте шаршап, елінің шетіне келгенде тізесі бүгіліп, ұйықтап кетеді. Толағай туралы бұл мәтінде көңіл бөлетін бірнеше фольклорлық сарын бар. Ол – Толағайдың ел қорғар адам ретінде қажет болуы, өз жұртының қамын ойлап, тау алып келуі және шаршап, ұйықтап кеткенінде сол таудың астында қалып, оның географиялық нысанының Толағай аталып кетуі. Ежелгі грек мифтерінде антропоморфты топ құрайтын алыптар бар, олардың бірі – Посейдон мен Геядан туған Антей. Ол жатжерліктерді шайқасқа шақырып, жеңген. Бұл олардың қорғаушы қызметін көрсетеді.

Алыптардың ерекше дене бітімі мен айырықша күш-қуаты болуының мәні олардың жаратылысындағы жоғарғы күштермен байланысты болуында деген А.Н.Афанасьев: «Богатырь (от слова бог) есть существо божественное и потому наделенное необычайными силами и великанскими размерами, приличными грозным стихиям природы», - деп, үлкен өзендердің богатырлар түрінде көрінгенін жазған.

Демек, әлемдік мифологияда алыптардың табиғатпен, Жер-Анамен генетикалық байланысы ортақ сарын. Қазақ фольклорындағы жалмауыз кемпір образының ерекшеліктері де қазақ ғалымдарын әркез ойландырған.

Ағылшын және қазақ мифологиясында алыптардың ұқсастықтары мен өзгешеліктерін былайша топтастыруға болады:

Жалпы ұқсастықтары мен өзгешеліктері	«Огр (адамжегіш)»	«Атлант»	«Антей»	«Толағай батыр»
Алып	+	+	+	+
Құбыжық	+	-	-	-
Жаратылысындағы жоғары күштер иесі	+	+	+	+
Географиялық нысан	-	+	-	+
Жағымды	-	-	-	+
Жағымсыз	+	+	+	-

Осы негізде ағылшын және қазақ мифологиясында алыптардың айырмашылықтары елеулі екені анықталды.

Ш.Уәлиханов жалмауыз кемпірдің адамжегіш екенін жазған. Ал, М.О.Әуезов 1939, 1940 жылдары «Литературный критик» журналына жарияланған «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» атты зерттеу еңбегінде жеті басты жалмауызды адамжегіш, жалғызкөзді жалмауызды ежелгі гректердегі циклоппен параллель деп, жалмауыз кемпірді орыс ертегісіндегі Баба-Ягаға ұқсас адамжегіш кемпір, мыстан кемпір, залым кемпір деп, олардың түрлері болатынын байқаған. Ә.Қоңыратбаев: «Қазақтың қиял-ғажайып ертегілерінде адамға жамандық ойлап жүретін мифтік образдардың бірі – жалмауыз кемпір», - деп, шығу мезгілін көрсетумен бірге бұл образдың сомдауында тарихи өзгерістердің орын алғанын да байқаған. С.А.Қасқабасов жалмауыз кемпір мен мыстан бейнелерінің айырмашылығын анықтаған.

Жалмауыз – жал-мауыз деп бөліп қараған Г.Н.Потанин: «Второй член, конечно, монгольское мангуе с опущенным носовым звуком (у таранчей та же фигура называется джалман гусь, т.е. носовой звук еще сохранился)», - деп, образдың құбыжықтық сипатын ашуда типологиялық әдісті қолдануға әрекет еткен. Әйтсе де, бұл зерттеушінің сарындарды іздестіруде миграцияға көп көңіл бөлудің әсерімен туған ой, сондықтан бұл пікірді қолдаудың қисыны жоқ, бірақ жалмауыз кемпірдің құбыжық типін танытуға жасалған алғашқы қадамы ретінде бағалауға болады.

Ертегілердегі әр қилы күдірет образдарының жасалуы да іс жүзіндегі болмыстан алыстап кете қоймайды. Мысалы, жалмауыз кемпір өте денелі, күдіретті мақұлық, бірақ оның адамдарға ұқсаған аяғы, көзі, қолы, басы бар. Ол Жалмауыз кемпірдің образында болады; перизат сұлу қыз сияқты болып көрінеді, тек мұрны, аузы, көзі өзгертіліп, сүйкімсіздендірілген [6].

Солтүстік Америкадағы христиандық теорияларға сенетін болсақ, жалмауыз сиқырлы қасиеттері бар, әсіресе қара сиқырды меңгерген әйелдер деп есептеледі. Олар шайтанның көмекшісі деп танылып, жалмауыздарға Африкадағы маймыл көмекші ретінде серігі деп берілген. Жалмауыз кемпір туралы аңыздар орта ғасырларда кеңінен етек жайған. Мыңдаған адамдарға жалмауыз деген жала жабылып, олар заңмен қудаланып, дарға асылған. Солтүстік американдықтардың қазіргі түсініктері бойынша жалмауыз кемпір «ұзын бойлы, үлкен бас киімі, ұзын және үшкір мұрны бар жасыл құбыжық» бейнесінде суреттеледі.

Ағылшын фольклорында жалмауыз кемпір образы былай суреттеледі: «Жалмауыз кемпір, әдетте, беті кәріліктен салбыраған, сүйелдерге толы, шашы жалбыраған, мұрны қисық, көзі өткір, тісі қисық, сөзі өткір, бүкірейген кәрі кемпір», - деп бейнеленеді. Ағылшын фольклорында жалмауыз тек әйел (яғни, кемпір) түрінде беріледі және оларды отқа жағу жаза ретінде қолданылған.

«Ақшақар» ертегісіндегі Ақшақардың өгей анасы да - жалмауыз кемпір образының бір көрінісі. Ол патшаның көңілін аулау үшін перизат қыз бейнесінде алдына келеді. Бұл кейіпкердің де сиқырға жақындығы бар, өйткені оның айнамен сұхбаттасып, өз келбетін өзгерте алатын қабілеті бар болатын. Патшаның қызы Ақшақарды көре алмай, алманы улап, жегізуі де оның жалмауызға тән арам ойының бар екендігін көрсеткен.

«Жұлдызды тозаң» атты шығармада апалы-сіңлілі үш жалмауыз кемпір кездеседі. Олар өз сұлулықтарын сақтау үшін әрбір 10 жылда жерге түсетін қыз бейнесіндегі жұлдыздың жүрегін жейтін болған. Бұл ертегідегі жалмауыз образы жоғарыда атап өткен «Ақшақар» ертегісіндегі жалмауызға ұқсас келеді. Бұл екі ертегіде де соңында ханзадалар залым жалмауызды өлтіріп, өз сүйіктілерін аман алып қалуымен аяқталады.

Ағылшын ертегілеріндегі ең танымал жалмауыз бейнесі «сатушы жалмауыз» кейпінде. Бұл кейіпкердің ерекшелігі: қала тұрғындарының

балаларын ұрлап, қара ниетті етіп, өз баласындай бағып, өсіреді. Көптеген жылдар бойында сипаты «қара мысық» ретінде берілген, алайда, бұл сипат дұрыс емес, өйткені аударылым жасалған кезінде аудармашы мағынасына емес, тек сөздің өзіне мән бергендігі туралы теориялар бар. Бұл образ үндістандық «Погум» эпопеясында кейіпкердің басты қарсыласы ретінде кездеседі. Шығармаларда бұл образ басқа жалмауыз образдарына ұқсас келбетін өзгерте алады, ерекшелігі көбінесе жануар, яғни, мысық күйінде жүреді. Погумнан жеңілгеннен кейін жалмауыз масаға айналып кетеді.

Тағы бір шығармада, мысық образы, шығарманың басты кейіпкері Гласкапқа оның сезіміне жауап қайтармағаны үшін қиянат жасамақшы болады. Ғалымдардың айтуы бойынша, Гласкап пен Погум шығармасының түбі бір, дегенмен тура айту үшін дәлелдемелер жеткіліксіз.

Қазақ ертегілерінде жалмауыздың қолына түскен батыр-кейіпкерлер сынақтан өткен болып есептеледі. Калипсонның тұтқынынан босаған Одиссей де өлімді жеңіп, «өліп-тірілген» деп есептеледі. Бұл мәселеде В.М.Жирмунский мен И.И.Толстойдың Одиссей мен Алпамыс туралы осындай пікір айтулары арқылы үндестік танытады.

Бұл тақырыпта қазақ пен антикалық миф кейіпкерлерінің тағы бір ұқсастығы бар. Қазақтағы «Керқұла атты Кендебай» ертегісінде ат иесіне: «Бұл кемпірдің (яғни жалмауыз) қарамағындағы жерден ұшқан құс, жүгірген аң өте алмайтын», - дейді әрі жәдігөй кемпірдің қыз болып қарсы алатын, оның ордасына кірген кісі кері шықпайтынын айтады [6].

Массачусетс пен Коннектикут мекендеріндегі ертегілерге сенетін болсақ, Мушап деген алыптың Скванит деген әйелі болған. Скванит суды меңгерген және теңіз дауылы болған жағдайларда оның жарымен дауласқандықтан жынданып жасаған ісі деп таныған. Ол ұзын қара шаштары бар, аяқтары кішкентай, ізі қоянның ізіне ұқсайтын кішкене бойлы кемпір ретінде бейнеленеді. Оны ертегішілер еркелетіп «Скванит апатай» деп атап кеткен.

Скадемут немесе елес-жалмауыз Вабанаки тайпасының құбыжығы деп есептеледі. Скадемуттар залым сиқыршының қайтыс болғанынан кейін жасап шығарған құбыжықтары. Сиқыршы өзін өлік деп танымай, түнде ұйқысынан оянып, қастандық жасап, адамдарды өлтіріп жейтін болған. Бұл құбыжықтан құтылудың амалы онымен тек от арқылы күресу деп есептелген.

Куку немесе Гого адамжегіш құбыжық, әдетте, әйел бейнесінде беріледі. Ол - өте үлкен, арқасында адам салатын қабы бар, қабыршақпен қапталған денесі бар су құбыжығы. Куку деген есімі «жер сілкінісі» деген мағына береді, өйткені оның үлкендігі сонша, әр аяқ басуы қатты жер сілкінісімен аяқталады. Басқа хикаяларда Гого тауда жүретін құбыжық ретінде кездеседі.

Қорыта келгенде, көптеген шығармалардағы жалмауыз образдары кемпір күйінде беріледі, кейбір жалмауыздардың адам жегіш қасиеттері бар және оларды тылсым күштерді меңгерген, оған себеп бола алатын мысал әр түрлі құбыжықтар мен сұлу қыздардың кейпіне ене алады. Әр түрлі халықтың

фольклорында бұл бейнелер кездеседі және бұл образдарда ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табуға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Paynter, William H. and Jason Semmens, *The Cornish Witch-finder: William Henry Paynter and the Witcher, Ghosts, Charms and Folklore of Cornwall*. – 2008, ISBN 978-0902660397.
2. Simpson, Jacqueline, and Steve Roud, *A Dictionary of English Folklore*. – 2000, – 424 p.
3. Гомер. Илиада. – Москва: Солдатенкова, 1896. – 186 с; Перевод: Николай Максимович Минский.
4. Стеблин-Каменский М.И. Миф. – Л.: Наука, 1976. –104 с.
5. *Тойшанұлы А.* Қазақ пен моңғол мифтерінің типологиясы. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы: Жібек жолы. – 2008. –138 б.
6. *Әлмұханова Р.* Қазақ фольклорындағы антикалық сарындар. – Алматы: Арыс. – 2009. – 320 б.

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматривается типология мифических образов в английском и казахском фольклорах. В особенности великанов и ведьм и их влияние на жизнь народа. Методом сравнения мы находим сходство и отличие образа.

(Сахитжанова З., Умарова З. Сходство великанов в английском и русском фольклоре)

SUMMARY

Typology of mythical characters in English and Kazakh folklores is considered in this article. In particular, giants and witches and their impact on people's lives. By comparison, we find similarity and contrast of the image.

(Sakhitzhanova Z., Umarova Z. The Similarities of Giants in English and Russian Folklore)

ӘОЖ 651 10 44

Е.НҰРАХМЕТОВ

филология ғылымдарының докторы, профессор
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ

Р.А.АБДУЛЛАЕВА

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

**АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ-
КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ
ӘДІСТЕМЕСІ**

Бұл мақалада ағылшын тілі сабағында жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданудың мақсаты, міндеттері, түрлері және артықшылығы туралы сөз болады. Бүгінгі күні инновациялық әдістерді және ақпараттық технологияларды қолдану арқылы оқушының ойлау қабілетін арттырып, ізденушілігін дамытып, қызығушылығын тудыру, белсенділігін арттыру ең негізгі мақсат болып айқындалады. Оқытудың ақпараттық-коммуникациялық және интерактивтік технологияларын пайдалану – педагогикалық іс-әрекеттердің мазмұны мен формасын толықтыру негізінде оқыту үрдісін жетілдірудің бірден бір жолы. Компьютерлік желілерді, интернет жүйесін, электрондық оқулықтарды, мультимедиялық технологияларды, қашықтан оқыту технологиясын пайдалану оқу орындарында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар кеңістігін құруға жағдай жасайды. Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық ойлау-құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны пайдалану дағдыларын қалыптастыру және оқушы әлеуметінің ақпараттық сауатты болып өсуі мен ғасыр ағымына бейімделе білуге тәрбиелеу, яғни ақпараттық қоғамға бейімдеу.

Кілт сөздер: ақпараттық технологиялар, интерактивтік технологиялар, компьютерлік технология, телекоммуникациялық, жаңа ақпараттық-қатысымдық технологиялар.

Шетел тілін оқытуда жаңа технологияларды қолданудың маңызы өте зор. Себебі жаңа технологиялар арқылы жаңа тақырыпты түсіндіруімізге, пысықтауымызға, жаттығулар жүргізуімізге болады. Қайталау кезеңдерінде, сонымен қатар қорытындылау сабақтарында қолдануымызға мүмкіндіктер бар. Өйткені білімгер жаңа технологияларды көру, есту, оны орындаулары арқылы жаңа тақырыпты түсінеді, сол сабақтан әсерленеді және есінде сақтай

отырып, өз өмірінде қолдана алады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар: бейнематериалдар, ұнтаспалар, интерактивті тақта, бейне, теледидар, диафильмдер, компьютер, телефакс, интернет желісі және басқа да технологиялар жатады. Ағылшын тілі сабағы үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану әрбір оқушылардың үйреніп жатқан тілді білуге деген ынтасын арттырып, қызығушылығын оятады. Яғни, шетел тілін оқыту барысында оқытушы-оқушы процесі емес, өзара ізденушілік қабілеті оқушыда дами бастайды, ал бұл дегеніміз – оқушыны жеке ізденіске талпындыру қабілетін дағдыландыру [1].

Әрбір шетел тілін оқу процесінде болған оқушы инфокоммуникативтік технологияны қолдану қажеттілігінің қаншалықты артатынын көруіне мүмкіндігі бар. Себебі заман талабына сай ағылшын тілін біліп қана қоймай, тілді білу арқасында жаңа технологиялар арқылы басқа бір адамға жеткізу сұранысы пайда болуда. Ақпараттық-коммуникациялық технологияны дамыту білім берудің бір бөлігі. Соңғы жылдары заман ағымына сай күнделікті сабаққа компьютер, электрондық оқулық, интерактивті тақта қолдану жақсы нәтиже беруде. Білім беру жүйесі электрондық байланыс, ақпарат алмасу, интернет, электрондық пошта, телеконференция, online сабақтар арқылы іске асырылуда. Бүгінгі күні инновациялық әдістер мен ақпараттық технологиялар қолдану арқылы оқушының ойлау қабілетін арттырып, ізденушілігін дамытып, қызығушылығын тудыру, белсенділігін арттыру ең негізгі мақсат болып айқындалады [2].

Сабақта ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі:

- оқушының өз бетімен жұмысы;
- аз уақытта көп білім алып, уақытты үнемдеу;
- білім-білік дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексеру;
- шығармашылық есептер шығару;
- қашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы;
- қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі;
- экономикалық тиімділігі;
- іс-әрекет, қимылды қажет ететін пәндер мен тапсырмаларды оқып үйрену;
- қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе құлақ пен есту мүмкіндіктері болмайтын табиғаттың таңғажайып процестерімен әр түрлі тәжірибе нәтижелерін көріп, сезіну мүмкіндігі;
- оқушының ой-өрісін дүниетанымын кеңейтуге де ықпалы зор [3].

Ағылшын тілін үйретуде ақпараттық-қатысымдық технологияларды тиімді пайдалану оқу үдерісінің сапасы мен қарқынын арттырады. Оқыту үдерісі жекелеген студенттердің үлгерімінің тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Егер студенттер жаңа ақпараттық-қатысымдық технологиясын жақсы

игеріп, ағылшын тілін үйренуге қызығушылықтары артса, онда ағылшын тілін білу мүмкіндігі де артады [4].

Сондай-ақ, өзіміздің сабақ жүргізу барысында қолданған интерактивтік технологияның тиімділігін атап өтсек дейміз. «The advantages of games during the English lesson» атты сабақ жүргіздік. Бұл сабақ аралас сабақ түрінде өтті. Бұл сабақта жаңа технологиялардың бірі, интерактивті тақтаны және көптеген көрнекілік құралдарды қолдандық. Бұл сабақ көптеген ойындармен толы болды. Ең алғашқысы «Shopping» деп аталды. Бұл ойынның ережесі интерактивті тақтада көрсетілген try on - киіп көру, at a discount of - түсірім, expensive - қымбат, fashion - үлгі, give change - қалған ақшаны қайтару, another size - басқа да өлшемдер деген сөздерді қолдана отырып диалог құрау болып табылды. Бұл сабақ барысында киім ілгіштерге көптеген киімдер іліп қойылды. Осы киімдерді сату және сатып алу, сонымен қатар интерактивті тақтада көрсетілген сөздерді қолдана отырып оқушылар сахна қойылымын көрсетіп өтті. Бұл оқушылардың тапқырлығын, шеберлігін, ерекшелігін, жылдамдығын, батылдығын көрсетті, әрі қызықты да тартымды болды. Кейінгі қолданған ойын түрін көрсететін болсам ол «Who is the first». Бұл ойында ең алдымен интерактивті тақтаға сыныптағы қыздардың суреті енгізіледі, сыныптағы 3 жігіт интерактивті тақтаға қарамай керісінше сыныптағы отырған оқушыларға қарап тұрады. Интерактивті тақтада көрсетілген сынып қыздарын оқушылар сын есімдерді қолдану арқылы оларға сипаттап береді. Жігіттердің қайсысы бірінші суреттегі адамды дұрыс табатын болса, сол жігіт үстелдің үстіндегі гүлді сол қызға басқа да сын есімдерді қолдану арқылы сыйға тартады. Осылайша сын есімдерді қолдана білуді, қайталауды, әрі сөздік қорларын дамыттық. Мұнда өздеріне бейтаныс болған сөздерді оқушылар өздерінің сөздік дәптерлеріне жазып отырды. Сондай-ақ ұнтаспаға жазылған ән шырқалды. Бұл әнді тыңдай отырып оқушылар жаттығулар орындады.

Қорыта айтқанда, жаңа ақпараттық-қатысымдық технологиялар компьютерлік бағдарламалар, электрондық оқу құралдары, интернет – ағылшын тілін үйренуге мол мүмкіндіктер береді және осы мақсатқа жету үшін ең тиімді жолдардың бірі болып отыр. Қазіргі уақытта білім берудің аясы кеңейіп, оқыту мазмұны мен әдісі өзгеріп жатқанда ақпараттық-қатысымдық технологияның мүмкіндіктері студенттердің жеке тұлғасына бағыттала отырып, оның белсенділігін, шығармашылық қабілетін, әлеуметтік жауапкершілігін, өмірде өз білімін іске асыру мүмкіндігін дамытуға қолайлы жағдайлар туғызып, олардың шығармашылық іс-әрекетін қалыптастырудың бірден-бір мүмкіндігі болып табылатынын көрсетіп отыр. Біз заман талабына сай білікті де, білімді жастар дайындауымыз керек, ол үшін жаңа технологияның көрсетер пайдасы орасан.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Садыбекова Ж. Оқу – тәрбие үрдісінде ақпараттық – коммуникациялық технологияны қолдану қажеттілігі // Информатика негіздері. – Алматы, 2008. – №4. – 246 б.
2. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық–коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. – Алматы: ЖШС Дайыр Баспа, 2010. – 365 б.
3. Нұрғалиева Г.К., Тілеуова С.С. Ақпараттандыру – білім беруді реформаландырудың негізгі механизмі. //Гуманитарлық ғылымдар сериясы. – Алматы, 2006. – №1. – 286 б.
4. Беспалько В.П. Системно-методическое обеспечение учебно-воспитательного процесса подготовки специалистов. – М.: Высшая школа, 1989. – 144 с.

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматривается методика использование информационно-коммуникативные технологии на уроках английского языка.

(Нұрахметов Е., Абдуллаева Р.А. Методика использование информационно-коммуникативные технологии на уроках английского языка)

SUMMARY

This article deals with the methodology of using information-communicational technology during the English languages.

(Nurahmetov E., Abdullaeva R.A. Methodology of Using Information-Communicational Technology During the English Lesson)

UDC 372. 651 10 44

N.K.АЙТБАЙЕВА

Candidate of Philology science,
associate professor of IKTU named after Kh.A.Yasawi

H.N.KAXAROVA

Master student of IKTU named after Kh.A.Yasawi

TREATING STUDENTS' ERRORS IN ORAL SPEECH

Learners with good English pronunciation are likely to be understood even if they make errors in other areas, whereas learners with bad pronunciation may not be understood, even if their grammar is perfect. Such learners are likely to avoid speaking in English, and experience social isolation and limited opportunities for further study. We judge people by the way they speak, and so learners with poor pronunciation may be judged as incompetent, uneducated or lacking in knowledge. Yet many learners find pronunciation one of the most difficult aspects of English to acquire, and need explicit help from the teacher. Therefore, some sort of pronunciation instruction in class is necessary.

Key words: pronunciation, learning, error, teacher, student, mistake, treatment.

Error treatment negotiations like the above are not always successful. In fact, teachers often fail to help their students notice and correct their errors simply because they lack the necessary understanding of error treatment. Even though different studies have been conducted in this area of Classroom-Centered Research, many instructors are not informed about the different aspects of error treatment. According to Burt and Kiparsky: "the teacher has no guide but his intuition to tell him which kind of mistakes are most important to correct" [1].

In order to treat errors effectively, teachers must make informed decisions. This implies that not only should teachers be aware of existing research on this area, but they should also acknowledge students' preferences for error treatment. And in order to discover students' preferences, it is worth devoting some time at the beginning of the semester to either interview or survey the students on their preferences for error treatment. Teachers are daily faced with the problem of whether to treat errors or not. Then they must also consider what types of errors are most important to be treated, how often these should be treated. Furthermore, teachers must decide how to treat errors, and what techniques to use for this purpose. Finally, but not less importantly, educators have to decide who should treat the errors in class. Before addressing each of these aspects, it is necessary to have a clear understanding of the concept of errors as such.

Should teachers treat students' errors? There is no doubt that errors must be treated at some point; otherwise we would surely lead students to their repetition, and "though errors in grammar and pronunciation cannot be prevented, repetition of them may be" [2]. Students need to be able to first identify the errors in order to be able correct them. It is not surprising that most students want to be corrected when they make mistakes. They want to be corrected more than most teachers think they do. Pupils feel very disappointed when they are not corrected, they even think that they are not learning when their errors are not treated. Something that teachers do have to decide is what type of errors they should treat, when is the appropriate timing and how to treat errors, among others.

What type of errors should be treated? It is my belief that all types of errors need to be treated at some time. However, whether the teacher decides to treat a certain type of error or not largely depends on the type of group and the seriousness of the error. Pronunciation errors, for example, would seem insignificant in a reading class whereas they would be of great importance in a conversation or pronunciation class. Similarly, in a conversation class, the educator might decide not to treat any errors except for those that interfere with communication.

Teachers, in my opinion should always treat any type of error which results in miscommunication or that disrupts communication. Students transmit their messages, this is after all the main goal of communication, and then the errors can be treated. "If teachers want accuracy above all things and never mind what ideas the students express, then teachers will get attempts at accuracy: no mistakes and not learning steps" [3]. Teachers should also treat any type of error that is so recurrent that it could cause communication problems in the future.

When should errors be treated? Instructors must also decide the specific moment for error treatment. In other words, they have to decide if errors are to be treated immediately after they are made, or at the end of the interaction, when the student has already finished expressing his/her ideas. There are other alternatives to consider: errors could be treated at the end of the class period, at the end of the week, the next day, or any other particular time during the semester. Once again the timing of the treatment largely depends on the type of error and whether it interferes with communication or not. When the error, for example, prevents the rest of the students from understanding the ideas being expressed, I would recommend immediate treatment. In the case of Spanish speakers using English together, they will understand each other in spite of the errors because of the common source of the error. In this case, the error treatment negotiation can be postponed to a variety of times during the lesson and the course. However, the same errors would cause a complete breakdown of communication with any English native speaker who does not speak Spanish. This is an important aspect to consider when treating the errors, and it is necessary to make sure the students

understand this fact. When a student makes a mistake and it is a type of mistake that many students are having a problem with, the instructor might consider treating it immediately in order for everyone to benefit from the treatment transaction. However, treating the errors immediately is something that must be done very carefully. Interrupting students might not only embarrass them, but also make them forget their ideas. Teachers can always take notes and treat errors either individually or as a group. In other words, errors can be treated privately with every single student or they could also be treated error by error with the class. This alternative has been very beneficial especially for shy students who might feel embarrassed even if we mention their errors to the group. There are certain times, however, when all students' errors could be treated at once, especially when the same type of error is reoccurring. In this case similar errors can be group together and then treated. It might be worth to create a mini-lesson on error correction and start the next class by treating them. Educators should never ignore or neglect the students' preferences for error treatment; therefore, it is necessary for the teacher to explore the students' likes, dislikes and needs for time of treatment. We ought to be very careful since there might be certain students who express their desire to postpone the error treatment negotiation but they later refuse to believe that they actually have made such a simple error. **How often should errors be treated?** Although the frequency of error treatment is difficult to establish, it is clear that it is not always possible to treat errors always, nor is it appropriate to leave them all untreated. If the teacher corrected students for every single error, then the students would not be able to express themselves, and they would certainly feel intimidated. Educators must not feel obligated to treat errors every time they occur, but they must analyze whether they can slip the correction in without breaking up the communication. In a few seconds, we have to decide if we can make the correction and keep the conversation going. In addition, it is very important to consider the feelings and wishes of the students; before making the decision, we have to decide whether the student is receptive to the correction. Moreover, the frequency of treatment can be also negotiated with the students, and can vary from one type of activity to another. The students' preferences for frequency of treatment could give the educators hint that together with their beliefs and knowledge would guide them regarding the frequency of treatment.

How should teachers treat errors? There is no magic formula on how to treat errors, but variety is highly recommended. In other words, there are many varied techniques educators have available for this purpose. Whether the professor chooses one technique or another depends greatly on the particular class, the type of error, the students' preferences, and other aspects mentioned before. It is even necessary to consider the students' age, temper and level in order to choose an appropriate technique for the error treatment negotiation to be successful. Finally, but not less importantly, the students need to be aware that an error treatment negotiation is going on and know what technique the educator is using in order to

avoid inconsistencies. Not surprisingly, a number of research studies have been conducted on the types of treatment that teachers use for treating students' errors. Researchers such as Fanselow, Nystrom, Cohen and Robins and All right have found that the teachers are inconsistent and ambiguous in the correction of errors, because these educators have not taken the time to discuss error treatment with their students, this discussion at the beginning of the term might be time consuming, but it is worthwhile. In addition, instructions often lack the necessary information on error treatment. The types of treatment given to the learners' errors have been classified in a number of ways by these researchers. Fanselow, for instance, discovered sixteen different error treatment techniques, some of which are "no treatment," "acceptance of response containing error," "giving the correct answer orally," and "indicating 'no' with a gesture" [4]. There are a variety of techniques that educators can carefully study in order to decide which to use. It is extremely important to consider the students' interests and preferences when selecting the error treatment techniques for a particular class. By letting the learners select the techniques they like and dislike from a given list with specific examples, the teacher will certainly facilitate error treatment negotiations. The students will be aware of the techniques being used and the type of response they are expected to provide. Given the importance of being aware of the variety of techniques that can be used for treating errors, a complete list including twenty-six different techniques is provided below. This list cannot only help educators identify the different techniques used, but familiarize them with other ways to treat errors that could be used in class.

Who should treat errors in class? The teacher is not the only person in the class capable of correcting the errors. The errors can also be self-corrected, or could be just as well be treated by another student, by a group of students, or the whole class. There is also the possibility of letting the students do some research to find out the correct forms or even ask someone outside the classroom (such as another teacher or a foreign student). In any case, it is very important to give the students the opportunity for self-correction as well as peer and class correction. They need to learn from each other, and they can learn a lot from their own mistakes. Students should then be permitted to join the error treatment negotiations. However, teachers must be careful because some students might resent being corrected by their peers. To avoid any possible misunderstanding, learners need to be very clear on the importance and usefulness of learning from each other's errors. At this point it is evident that errors are no longer considered negative for the learning process. On the contrary, "Learning [involves] a process in which success comes by profiting from mistakes by using mistakes to obtain feedback from the environment" [5].

In addition, being informed helps educators become more aware of their own teaching behaviors. Teachers could also observe their own way of treating errors. They might consider recording sections of their teaching and studying those

aspects in which they are interested or that seem to be problematic, as a basis for alternatives for improvement. At the end of this article an observation guide has been included for this purpose. It is imperative for the educators to agree with the students about the way errors will be treated in class: the techniques that will be used, the frequency of treatment, and so forth. Cohen and Robins affirm that frequently there is no correction of learners' errors and sometimes "the corrections [are] too general to be of value as a remedial tool". Probably the most important idea about error treatment is the fact that errors are an important part of the teaching-Learning process. "In the treatment of student language we have to change our attitude toward mistakes. We must not think of them as something negative which needs some kind of punishment" [6], but rather as some writer has called them "happy accidents". This term is especially appropriate because it leaves the feeling of something positive in the learning process.

REFERENCES

1. *Burt M, Kiparsky C.* Global and Local Mistakes – London: 1974. –71p.
2. *Fanselow J.* The Treatment of Error in Oral Work – London: Longman, 1977. – 287 p.
3. *Cathcart R and Olsen L.* Teachers' and Students' Preferences for Correction of Classroom Conversation Errors. – New York: 1976. – 52-53 p.
4. *Chaudron C.* Second language Classrooms: Research on Teaching and Learning. – New York: Cambridge University Press, 1988. – 133 p.
5. *Brown D.* Principles of language learning and teaching. – New Jersey: Englewood Cliffs, 1987. –169-170 p.
6. *Edge W.* Mistakes and Correction. – London: 1989. – 16 p.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада ағылшын тілі сабағында ауызша сөйлеу барысында жіберген қателерді дұрыстау жолдары қарастырылады.
(**Айтбаева Н.К., Кахарова Х.Н. Студенттердің ауызша сөйлеу барысында қателерін дұрыстау**)

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматриваются способы исправление ошибки в устной речи на уроках английского языка.
(**Айтбаева Н.К., Кахарова Х.Н. Исправление ошибок студентов в устной речи**)

ӨОЖ 372. 651 10 44

Е.Н.НҰРАХМЕТОВ

филология ғылымдарының докторы, профессор

А.А.ТАТИБАЕВА

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

**АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА АҚПАРАТТЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ**

Білім беру саласында түрлі технологиялар енгізілуде, бірақ олардың ішінен қажеттісін таңдап, сабақтың әр кезеңінде тиімді қолдану – басты талап. Мәселе технологияларды кеңінен пайдалану емес, мәселе – тұлғаны нәтижеге бағыттай білім беруде. Қазіргі таңда айтар болсақ, көрнекілік әдісі мен техникалық құралдарды қолдану әдісін ақпараттық технология бір өзі атқара алады. Тіл тағдырын жетілдіру көп ретте мектепте атқарылатын жұмыс деңгейіне байланысты. Өйткені, өскелең ұрпақтың балғын санасына бай тіліміздің нәрін сіңдіріп, көкірегіне ұялатуға әр пән мұғалімі ауқымды істер атқаруы тиіс.

Бұл мақалада ағылшын тілі сабағында ақпараттық технологияларды қолданудың тиімді жолдары қарастырылған.

Кілт сөздері: ақпараттық технология, оқытушы, интеракта.

Жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, қашықтан оқыту, дара тұлғаға бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылату – бүгінгі күннің басты талабы.

Ақпараттық технологияны қолдануда, әдетте шынайы өмірлік жағдайлар келтіріліп, бірігіп шешу мәселелері ұсынылады, рөлдік ойындар пайдаланылады, білгірлігінің қалыптасуы барысында жеке белсенді позициясын қалыптастыруға жағдай тудырады, қарым-қатынас дағдыларын орнықтырады, сыни тұрғыдан ойлауға үйретеді. Демек, ақпараттық технологияны пайдалану оқу үрдісіне енгізу тіл үйретуде тиімді. Тыңдап-түсіну, көріп-байқау құралдарының концепциясында оқыту былайша орналасады: тыңдау-сөйлеу-оқу- жазу. Оның ішінде ауызша қабылдау әрдайым ілгері шығарады. Тыңдап-түсіну, көріп-байқау құралдарының ішінде сабақ берудің барлық сатысында қолдануға болатын түрі – аудио құралдар, радио мен теледидардың хабарлары, сұхбаттар жазылған ұнтаспа, т.б. Аудиоматериалдар сабақта мынадай мақсатта қолданылады: біріншіден, қажетті ақпаратты күшті әсерлілікпен жеткізеді; екіншіден, оқушының

бақылаушылығы мен талдау дағдыларын жетілдіреді, үшіншіден, өз пікірін, ойын тұжырымдап айтуға үйретеді. Таспа арқылы тыңдалатын мәтін оқушының тілін дамытады. Тіл үйренудегі тыңдау сөйлеумен тығыз байланысты. Оқушыға таспадан естігенін тілінде пайдалану қажеттігі туады. Таспадан тыңдалған мәтін бойынша сұрақ қою ең тиімді жол, өйткені оқушы сұраққа дұрыс жауап беру үшін мәтінді ынтамен тыңдап, мәнін түсінуге тырысады. Мысалы, оқушылардың аудиомәтіннің жалпы мазмұнын түсінгендіктерін тексеру үшін мынадай жұмыстар жүргіземін:

а) Мәтіннің мазмұнына байланысты сұрақ беремін, әр сұраққа екі жауап ұсынамын;

ә) Бірнеше сөйлем беремін, солардың біреуі ғана аудиомәтіннің мазмұнына сәйкес келеді.

Мысалы, ағылшын тілі сабағында «Big Ben» тақырыбын өткен кезде алдын-ала дайындаған сурет, сызба және қозғалыстағы көріністер арқылы білім игертуді жүзеге асырдым. Ой қозғау мақсатында оқушыларға сұрақ қойылады, оқушы пікірі, жауаптары тыңдалып болған соң сурет астында жасырынған жауапты көру мүмкіндігі беріледі. Мұнда оқушы өз білімін өзі тексере алады және пәнге деген қызығушылығы оянады.

Оқушының коммуникативтік қарым-қатынасын, тілдік құзіреттілігін, шығармашылық қабілетін дамыту мақсатында жұптық, топтық тапсырмалар беріледі. Мысалы, берілген сөздерді ағылшын тіліне аударып, сөйлем құрайды немесе сурет салады. Жұпта жасаған жұмыстарын ортаға салады. Мұнан оқушылардың айтылым, жазылым, тыңдалым, тілдесім әрекеттерін байқауға болады. Ағылшын тілі сабағында мынадай тапсырмаларды да орындатуға болады: компьютер экранына бір сөйлем жазылады. Ол сөйлем белгілі уақыттан соң өшеді. Экранда қандай сөйлем жазылғанын есте сақтап, қатесіз компьютерге енгізсе, онда ойлану уақыты екі есеге азайтылады. Егер дұрыс жауап берілмесе, ойлану уақыты ұзартылады. Мұндай тапсырмалар оқушылардың сөйлем мағынасын түсіну, есте сақтау дағдыларын қалыптастырады. Нәтижесінде, тапсырманы қандай дәрежеде орындағанына байланысты ұпай санын көрсету оқушының өз білім дәрежесін сезінуге мүмкіндік береді. «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай жаңа білім беру өте қажет» деп, ел Президенті атап көрсеткендей, ақпараттық технологияларды ағылшын тілін оқытуда тиімді пайдалану – жаңа білім берудің бірден-бір шарты. Оқыту үрдісінде ақпараттық технологияны қолдану білім сапасын жақсартуға көмектеседі.

Сабақ барысында ақпараттық технологияны қолданудың жақсы жақтары:

1. Түрлі-түсті иллюстрациялар, ұлттық музыка, анимациялар есте сақтау процесі үшін тиімді.

2. Әр сабақта сөйлеу әрекетінің бес түрі де қолданылады: тыңдалым, сөйлесім, оқылым, жазылым, айтылым.

3. Әр сабақ төмендегілерді қамтиды:

- компьютермен үзіліссіз тілдік қарым-қатынас;
- бірнеше рет тыңдау мен оқып – білген материалды қайталаудың арқасында дағдыларды машықтандырғанға дейін меңгертіледі.

4. Компьютер – оқушының өзіндік жұмысын ұйымдастырады.

5. Компьютер – оқытудың аудио және бейне құралдардың мүмкіндіктерін табысты байланыстырады.

6. Компьютерлік желілермен жұмыс істеу арқылы оқушылардың тілдік сауаттылығы, шығармашылық потенциалының, тілдік құзіреттілігінің дамуына мүмкіндік туады [2].

Шетел тілін оқытудың жаңа технологиясы бойынша ізденіп сабақты дұрыс жоспарлау жұмыстың нәтижелі жетістігінің кепілі. Мысалы, ағылшын тілінің мультимедиялық дискілерді пайдалану оң нәтиже беретіні сөзсіз. Жоғарғы сынып оқушыларына сабақты интерактивті курстық CD-ді интерактивті көмегімен немесе мультимедиялық кабинетте қолданған өте тиімді. CD-де тақырыптар модульге бөліп қарастырылған. Әр модульде деңгейге байланысты тақырыптар берілген, тақырыптарда видеофрагменті, аудиоақпараттар мен диалогтар, грамматикалық тест оқулығы, жаңа сөздер, тапсырмалар, жаттығулар мен тесттер және жағдайлық ойындар берілген. Фонетикалық жаттығулар, диалогтар ағылшын тілінде сөйлейтін дикторлардың сөйлеуімен дыбысталған. Мультимедиялық дискіні қолдану арқылы оқушылар тыңдап түсінуге арналған мәтінмен жұмыс жасауға дағдыланады. Онда берілген қызықты грамматикалық интерактивті жаттығулар, сауатты жазуын тексеруге арналған диктанттар, дұрыс жауап беруге арналған жаттығулар, дұрыс айтылуын тексеруге арналған жаттығулар арқылы оқушылардың мәтінді қаншалықты түсінгенін айқындауға болады. Әр сыныпқа бағдарлама бойынша қосымша материал ретінде қолданса, мұғалімге оң нәтиже беретіні сөзсіз. Мұнда сөздіктер, диалогтар, емтихан тапсыруға дайындалу үшін арнайы тесттерді, тапсырмаларды орындау үшін түсіндіруші түсіндіріп отырады. Қашықтықтан оқытуға өте тиімді, әрі ұтымды. Мұғалім де, оқушы да уақытты тиімді пайдаланады. Сабақта мультимедиялық CD дискіде ағылшын және американдық халық әндер жинағы беріледі. Бұл техникалық құралды пайдалана отырып, оқушылар тек қана ән үйреніп қана қоймайды, сонымен қатар тілді сөйлейтін ұлттардың айтылуымен интерактивті сөйлейтін жаңа сөздерді тыңдап, меңгереді және осы дискідегі арнайы тапсырмада берілген бағдарлама бойынша өздері әнді айтып, дискіге жазып қайтадан тыңдай алады. Бұл менің сабақта қолданып жүрген материалдарым, тәжірибеде қолданып тиімділігін, нәтижесін көргеннен кейін сіздерге қолдануға кеңес беріп отырмын. Оқытудың компьютерлік технологиялары – ақпаратты бейнелеу, тасымалдау және жинақтау, оқушының танымдық әрекетін бақылау және басқару сияқты педагогтің кейбір функцияларын модельдейтін

компьютерлік техника, телекоммуникациялық байланыс құралдары және интерактивті бағдарламалық өнім негізінде жұмыстың педагогикалық шарттарын жасау тәсілдері, әдістері, құралдар жиынтығы.

Мультимедиялық технологиялар – бейнелік және аудиоэффектілік, әртүрлі мультибағдарламалық мүмкіндіктерді интерактивті бағдарламалық жабдықтың басқаруымен орындата алатын электрондық құжаттарды дайындау тәсілдері. Электрондық оқулық – ғылыми-педагогикалық құрал. Электрондық оқулықтардың тиімділігі:

- теориялық материалды өз бетімен оқып үйренуге, зерттеуге мүмкіндік береді;

- сабақты иллюстрациялық материалдармен жабдықтауға көмектеседі;

- сабақта және сабақтан тыс уақытта өз бетімен әртүрлі шығармашылық тапсырмалар орындауға мүмкіндік береді [3].

Қорыта келе, ақпараттық технологияларды оқушы қызметін активтендіру негізінде қолданған оң нәтижесін беріп келеді. Оқытудың ақпараттық технологиясын пайдалану оқу процесін жаңа оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз етуге және оқушылардың шығармашылық қабілетін ашуға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Хайлова А.С.* Мектептегі ағылшын тілі сабақтарында ақпараттық технологияларды қолданудың маңыздылығы. <http://www.BilimKozy/>.

2. *Жұмақұл Д.* «Тіл үйретуде ақпараттық технологияларды пайдалану тиімділігі» //Қазақ тілі және әдебиеті. – Алматы. 2012.

3. *Мырзағалиева С.С.* Ағылшын тілі сабағында мультимедиялық дискілерді қолдану тиімділігі. <http://www.BilimKozy/>.

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматривается особенность применения инновационных технологий на уроке английского языка.

(Нұрахметов Е.Н., Татибаева А.А. Эффективное использование инновационных технологий на уроках английского языка)

SUMMARY

This article deals with the effectiveness of using digital technology in teaching English language.

(Nurahmetov E.N., Tatibaeva A.A. Effective Usage of Digital Technology in Teaching English Language)

UDC 372.651 10 44

K.A.JANATAEV

Candidate of Philology science,
associated professor of IKTU named after Kh.A. Yasawi

D.K.ATAEVA

master student of IKTU named after Kh.A. Yasawi,

LEARNING STYLES. TEENAGERS LEARNING STYLE

Much pedagogical research has focused on the concept of “learning styles.” Several authors have proposed that the ability to typify student learning styles can augment the educational experience. As such, instructors might tailor their teaching style so that it is more congruent with a given student's or class of students' learning style. Others have argued that a learning/teaching style mismatch encourages and challenges students to expand their academic capabilities. Best practice might involve offering courses that employ a variety of teaching styles. Several scales are available for the standardization of learning styles. These scales employ a variety of learning style descriptors and are sometimes criticized as being measures of personality rather than learning style.

Key words: learning style, adolescence, environment, Dunn and Dunn model.

Have you ever listened to an entire lecture and then couldn't remember what the speaker had just said? Or have you ever read an entire page and not absorbed any of it? Have you ever had difficulty concentrating on your work? We all had such kind of problems during our studies. Solution is that you may only need to learn more about your individually learning style. You have your own way of learning new information and ideas. This is called your “learning style”.

Dunn and Dunn Model of Learning Style which was designed by Drs. Kenneth and Rita Dunn has been developed through over 40 years of research and was valued over 800 experimental studies and over 75 universities internationally. They claim that learning style is the way in which each individual begins to: concentrate, process, absorb, retain new and different information. There were discovered 21 different elements that affect how people learn best. Let's go over the elements that affect most people in some way. Study environment as sound, light, temperature and seating. Some need absolute quiet to concentrate on their work, while others need background noise to focus on. Some people need bright light, when others need dim lighting. Some like it warm. Others like it cool. A solid desk and chair are best for some learners. But for others, learning is better when sitting on a couch, pillow, or even a rug on the floor.

Each person has his/her own learning style. It also depends on the age of a person. For example, adolescences and adults learn in different way. Adolescence describes the teenage years between 13 and 19 and can be considered the transitional stage from childhood to adulthood. However, the physical and psychological changes that occur in adolescence can start earlier, during the preteen or "tween" years (ages 9 through 12). Adolescence can be a time of both disorientation and discovery.[1]As for teenage years are filled with hormone swings and misunderstandings, with fear and with awe, with too much responsibility and too little freedom. (Or is that “too much freedom and too little responsibility”?) Most teenagers can be moody, rude, impossible to talk to and difficult to live with. Experts agree that if your teen grunts good-morning, leaves the house without breakfast and dirty laundry on the floor, bangs the door on the way back in and slouches in silence through dinner... then he or she is a normal teenager who “will grow out of it”. When working with teenagers, it is beneficial to understand how the adolescent brain differs from the adult brain and learning styles that typically work for teens.

Adolescent brains are still developing. Early adolescence is a time of increased production of gray matter in the brain. As the teaching experts at the Sun Protection Outreach Teaching by Students explain, gray matter is responsible for processing information. That and other types of brain development are not complete until age 25. Therefore, adolescent brains do not make the same connections as adult brains, and adolescent thinking and learning styles are unique to adolescents

A study conducted at Mid Sweden University, Sweden, and published in the Institute for Learning Styles Journal in 2011 compared and evaluated the learning styles of adolescents in academic programs, adolescents in vocational training programs, and all of their teachers. While adults sometimes prefer to work in quiet rooms, all of the adolescents in this study preferred some degree of sound in the room while they were working. This may help explain why teens often play music while doing their homework.

Emotion drives motivation and learning in adolescents. The addition of emotion in a presentation or lesson plan sometimes helps teenage students remember. At SPOTS, they are quick to point out that humor is positive but sarcasm is negative, and negative emotion will prevent learning. Positive jokes that do not make the student feel self-conscious or threatened heighten the learning experience.

Another finding in the Swedish study was that while teachers are generally morning people, adolescents seem to pay the most attention and are motivated to do their work in the early afternoon. This afternoon learning style is consistent with the teenage years; younger children and adults work better in the morning than do adolescents.

Adolescents are not the only age group that learns well visually, but according to both the Swedish study and SPOTS, adults are better at learning via listening than teenagers. In general, adolescents learn well when presented with graphics and manipulatives. Seeing and doing are important aspects of adolescent learning styles.

Teenagers are schoolboys and schoolgirls. Schoolwork is important for teenagers. Understanding the subjects that is taught in middle school and high school set the stage for the rest of a teenager's life. The ability to learn and process new information is a huge key towards teenage success. By the time kids reach their teenage years, their learning styles have already been realized. Children begin developing their learning styles when they first enter the world and complete this part of development usually by the age of twelve. It is important to understand that people have different learning styles, parental influences, peers, and mentors that affect their learning.

First, different learning styles and curves. Ever wonder why teens seem to put off the easier material until last minute? Or why there must be complete silence for him or her to study effectively? Both of these are largely due to the teen's learning style. The way that a teen learns has a big impact on his or her study habits. You might notice that teens learn better under pressure so he or she puts off studying until the day before the test. Teens whose learning styles are at their best when there are no distractions will need complete silence when they are trying to study. When teens are not in the situation that best fits their learning style, they will have trouble with their study habits as well. There are four different learning styles that affect a teenager's study habits, these are visual, auditory, actual learning, and analytic. Visual learners. There are those teens that are visual learners. These teens work best with visual representation of the information. This includes pictures, symbols, charts, diagrams, and colors. Auditory learners. These teens learn best if they hear the information. When auditory-learning teens study, you might find them reading aloud because it helps them to better learn the material when they hear themselves read it aloud. Actual learners. When it comes to practical subjects like Math and English, these teens would rather do some trial and error rather than actually read and learn the rules first. Although, it might sound contrary to what most parents think their kinds should do, it is not good to try to change your child's learning style. Instead, find ways that you can help develop his study habits through this trial and error kind of learning style. Analytic learners. These kinds of learners deal well with details. You might notice your teen reading and rereading the information, while taking some time to reflect on what was just read in the meantime. An analytic learner deals well with lists, patterns, homework, and practice exercises. Since this kind of teen deals well with goals, set some steps and study goals for your teen to aid in his study habits.

Second, parental influences. Parents are a huge influence in regards to teenage

learning but, Teenagers don't learn much from parental warnings and lecturing.

Most parents have tried that without much success. And unfortunately, one or both parents all too often cave in when their children get in trouble. Each time parents do so, a valuable lesson isn't learned and a mistake is apt to be repeated. Also, Teens that were implied with tremendous amounts of discipline by theirs show more promise than most teens.

Third, peer pressure. Peer pressure is one thing that all teens have in common. You can't escape it. It is everywhere. Whether it is pressure to conform to a group norm or pressure to act, peer pressure is something everybody has to deal with at some time in his or her life.

Children, especially during adolescence, begin to spend a lot more time with their friends, and less time with their family. This makes them more susceptible to the influences of their peers. It is important to remember that teenage friends can have a positive influence; we should therefore find friends that have similar interests and views as those you are trying to develop in your children, including doing well in school, having respect for others and avoiding drug use, smoking and drinking, etc.

Peer pressure isn't always negative. Peers may pressure others into negative behaviors or away from positive behaviors, but can push in positive directions as well. Not all teens react to peer pressure in the same way. Gender and age are factors. For example, boys are more susceptible than girls to peer pressure, particularly in risk situations. Younger teens are more easily influenced than older teens, with peer pressure peaking in about eighth or ninth grade. Individual characteristics such as confidence level, personality and degree of maturity make a difference. Peer pressure varies according to the situation: being with one close friend, in the small clique of friends, or seeing what the larger peer groups doing in school.

Finally, teacher's influence. Teachers play a significant role in teenage learning. Since teachers can affect how students perceive the course materials, it has been found that teachers who showed enthusiasm towards the course materials and students can affect a positive learning experience towards the course materials. On teacher/course evaluations, it was found that teachers who have a positive disposition towards the course content tend to transfer their passion to receptive students. Students are likely to build stronger relations with teachers who are friendly and supportive and will show more interest in courses taught by these teachers. Teachers that spend more time interacting and working directly with students are perceived as supportive and effective teachers. Effective teachers have been shown to invite student participation and decision making, allow humor into their classroom, and demonstrate a willingness to play.

REFERENCES

1. *Robotham D.* Self-directed learning: the ultimate learning style. *J Eur Industrial Training.* – 1996; 19: 3–7.
2. *High School Mediator: Six Strategies to Develop Teen Communication Skills.*
3. *Kids Health: Communication and Your 13- to 18-Year-Old.*
4. *Syracuse University: Learning Style Differences.*
5. *Sun Protection Outreach Teaching by Students: The Adolescent Brain - Learning Strategies and Teaching.*
6. *Newble DI, Entwistle NJ.* Learning styles and approaches: implications from medical education. *Med Educ.* – 1986; 20: 162-75.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада үйрену стилі, оның анықтамасы және түрлері түсіндірілген. Жасөспірімдердің үйрену стилі зерттелінеді.

(Жанатаев Қ.А., Атаева Д.К. Үйрену стильдері. Жасөспірімдердің үйрену стилі)

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматриваются стили изучения, его определение и стиль изучения подростков.

(Жанатаев К.А., Атаева Д.К. Стили изучения. Стиль изучения подростков)

ӘОЖ 372.651 104

Е.НҰРАХМЕТОВ

филология ғылымдарының докторы, профессор
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ

М.О.СЫЗДЫҚОВА

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІКТЕРІ

Бұл мақалада қазіргі мектеп үрдісінде шетел тілін оқытуда оқушылардың коммуникативті құзіреттіліктерін дамыту біліктілігін, оқушылардың қызығушылығын ұйымдастыруда ойындардың қажеттілігі, яғни зор екендігі қарастырылған.

Мұндай ойындар оқушыны жан-жақты дамытып, білімді толық игеруіне көмектеседі. Бастапқы этапта ағылшын тілін оқытудағы бір негізгі аспект ол ойын элементтерін тиімді пайдалану болып табылады. Ойын арқылы бала қоғамдық тәжірибені меңгереді, сондықтан әр сабақ процесінде қандай дидактикалық ойын қолдануға болатынын сабақтың мазмұнына, мақсатына, жас ерекшелігіне сәйкес таңдалуы керек екендігі назарға алынған. Яғни, ағылшын тілін меңгеру барысында ойын элементтерін қолдана отырып, құзіреттілік тапсырмалар арқылы оқушының өздігінен дамуға, жетілуге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

Кілт сөздері: ағылшын тілі, ойын, оқыту, қызығушылығын арттыру.

«Ойын – бала үшін өмірлік тәжірибе» деген екен Алаш ағартушысы Мағжан Жұмабаев [1].

Ойын дегеніміз – жас ерекшелікке қарамайтын, адамның көңіл күйін көтеретін, ойландыратын үрдіс. Ойын – төзімділікті, алғырттықты, тапқырлықты, ұқыптылықты, ізденімпаздықты, іскерлікті, дүниетаным өрісінің көлемділігін, көп білуді, сондай-ақ, басқа да толып жатқан сапалық қасиеттерді қалыптастыруға үлкен мүмкіндігі бар педагогикалық тиімді әдістерінің бірі.

Ойындар баланың тапқырлығын, байқағыштығын, зейінділігін арттырумен қатар, ерік сезім түрлерін де дамытады. Ойын түрлері көп. Соның ішінде бастауыш және орта буын сыныптарда пайдаланатын: ойын-сабақ, ойын-жаттығу, сергіту ойындары, дидактикалық мақсаттағы ойындар, сөздік ойындар, логикалық ойындар, т.б. Осылардың ішінде дидактикалық мақсаттағы ойындарды оқыту үрдісінде оқушылардың коммуникативтік құзіреттіліктерін дамытуда үлесі зор болып табылады.

Психологиялық тұрғыдан алып қарағанда бастауыш және орта буында оқушылар белсенді және өте қозғалмалы болып келеді. Бұл жастағы балалар өздерін еркін ұстап, сабаққа аса қызығумен қатысады, өзінің айналасындағы нәрселерді көріп, соны бейнелеуді ұнатады. Рөлдік ойындарды табысты және қарқынды жүргізе біледі. Сөйлеу әрекетінде қозғаушы күш – ырғақ. Сөйлеу ырғағын құру мұғалімдердің рөлдік ойындарды ұйымдастырудағы ең қиын іс-әрекеті. Оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында мұғалім ойынға қатысушының өзіндік сөз ырғағын бейнелеп көрсетіп, тапсырманы дұрыс құра білуі керек. Тақырыптық «рөлдік-ойындар» оқушылардың сөйлеу дағдысының қалыптасуын дамытады [2].

Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2011 жылғы Қазақстан халқына жолдаған жолдауында: «Мен қазіргі заманғы қазақстандық үшін үш тілді білу әркімнің дербес табысының міндетті шарты екенін айтамын, сондықтан 2020 жылға қарай ағылшын тілін білетін тұрғындардың саны кемінде 20 пайыз болатынын білемін» деп атап көрсеткен болатын [3].

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев әрбір жас жеткіншектің бірнеше тіл білуін өз тарапынан қолдайды. Соның бірі – ағылшын тілі. Ол халықаралық тіл. Бұл тіл Уильям Шекспирдің, Джордж Гордон Байронның, Джек Лондонның, Теодор Драйзердің тілі. Біздің еліміздегі жастардың әлемдік деңгейге сай білім алып, кәсіби шеберлігі жоғары білікті маман иесі болып шығуы үшін ағылшын тілін жетік білудің маңызы аса зор. Пән мұғалімдері үшін оқушыға ағылшын тілін меңгерту, пәннің қажеттілігін түсіндіре білу - басты міндеттердің бірі.

Жолдауды негізге ала отырып, мектеп оқушыларына бастауыш сыныптардан бастап ағылшын тілін үйретудің маңызы зор. Ағылшын тілін оқытудың мақсаты оқушылардың ағылшын тілінде қарым-қатынас жасай алу негіздерін меңгеруі болып табылады. Ерте жастан шетел тілін оқыту оқушылардың коммуникативті даму біліктілігін, олардың сол тілге қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді. Дамыған индустриалды қоғамның жан-жақты рухани жетілген азаматы бүгіннен бастап ағылшын тілінің әліппесін меңгеруі - бүгінгі күннің басты талабы. Осы талапты жүзеге асыру үшін, жеткіншектердің ағылшын тілін жетік меңгеруі үшін оқушының ынтасын, қызығушылығын, іскерлік дағдысын арттыру мақсатында ағылшын тілі сабағында ойын элементтерін пайдалану тиімді.

Ағылшын тілі сабағында әр оқушының сабаққа белсенді қатысуының, ауызекі сөйлеуге құлшындыратын, шетел тілін оқып үйренуге талпынысы мен қызығушылығын арттыратын әдіс-тәсілдер түрі ерекше орын алады. Бұл міндеттерді сабақта оқытудың ойын әдістерінің көмегімен шешуге болады.

Ойын ақыл күші мен ерекше ұйымдастырылған эмоционалды серпілісті талдап ететін сабақ түрі.

- Ойын қалай істеу керек, не айту керек, қалай жеңу керек сияқты шешімдерді қабылдауға көмектеседі. Осы сұрақтарды шешуге талпыну


арқылы ойыншылардың ақыл-ой әрекеттерін дамытады.

- Ойын шынайы қарым-қатынас жағдайын туғызады.
- Ойын тілдің жан-жақты әлеуметтік қолдануда маңызды рөл атқарады.
- Ойын шеберлік мүмкіндіктерін ашады, оқушылардың танымдық және кәсіби қызығуларының қалыптасуына әсер етеді.

Ағылшын тілі сабағында ойын әдістерін қолдану кез келген жастағы оқушылардың психикалық дамуы үшін аса маңызды екені дәлелденген. Ағылшын тілін оқытуда ойын түрлерін пайдалану оқушының басқа тілді үйренуге ынтасын арттырады. Оқушының шаршауын сейілтп, қызығушылығын арттыратын тек ойын әдістері болып саналады [4].

Жан-жақты ойластырылған және жақсы жүргізілген ойын тілдік материалды енгізуді және бекітуді жеңілдетеді, дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі.

Ойын балалардың пәнге деген қызығушылығын арттырады, сабақты түрлендіреді, оқушыларды зеріктірмейді, олардың білімге деген құштарлығын, талпынысын арттырып, яғни, қабылдау, есте сақтау және зейінін дамытады. Ойынның келесі бір ерекшелігі, ол сабақта оқушылардың өздерін еркін ұстауға белсендіреді, қысылмай сөйлеуіне, ойын еркін жеткізуге жағдай туғызады, қиялын дамытады.



Ағылшын тілін оқытуда ойын түрлерін осындай мақсаттарда қолдану тиімді. Сондай-ақ, ойын арқылы қызықсыз тақырыптарды жеңіл, оңай меңгертуге болады.

Сабақ үстінде жүргізілетін жұмыс түрлері, тақырыпқа сай алынған тәрбиелік мәні бар ойын элементтері оқушылардың ойлау белсенділігін керек етеді. Сондықтан мұғалім әр сабағында ойын түрлерін орнымен қолданып, оны қызықты ету арқылы олардың білімге ынта-ықыласын, пәнге деген сүйіспеншілігін қалыптастыруды мақсат етеді. Мұғалім сабағын баланың қабілет-қарымына, психологиялық ерекшелігіне сай байланыста жоспарлау керек. Сонда ғана сабақ тартымды, жеңіл болады, оқушыларды жалықтырмайды.

Ойынның түрлері: лексикалық, орфографиялық, дидактикалық және грамматикалық, рөлдік болып табылады. Сонымен қатар, ағылшын тілінде сөйлеуге және жазуға үйрететін арнайы ойындар да болады.

Ойынды сабақтың әр кезеңінде пайдалануға болады. Мысалы, ұйымдастыру бөлімі кезінде фонетикалық рифмовка алуға болады. Жарыс түрінде өткізсеңіз (Кім өлеңді бірінші жаттайды?), оқушылар өлеңді жарыса отырып қалай жаттап алғандарын байқамай қалады.

Ағылшын тілі сабағында қолданылатын ойындар:

«Let's draw a Rainbow!» ойыны.

Мақсаты: түстерді үйрету.

Ойынға қажет құралдар: түрлі-түсті қарындаштар, кемпірқосақ салынған сурет.

Ойын барысы: біріншіден мұғалім кемпірқосақ салынған суретті тақтаға іледі. Оқушылар 7 түрлі қарындашты партаның үстіне қояды.

Мұғалім: This is a rainbow. I can see red colour (суретті көрсетеді, балалар сол түсті қарындашты көтереді), orange colour, yellow colour, green colour, blue colour, dark blue colour, violet colour. The rainbow is colourful. It's beautiful. Let's draw a rainbow!

Сосын мұғалім балаларға кемпірқосақтағы түстерді реттілігімен есте сақтап алуларына уақыт береді де, суретті тақтадан алып тастайды.

Балалар кемпірқосақты салып болғаннан кейін, мұғалім суретті тақтаға іледі. Балалар өз суреттерімен салыстырады. Суреттер салынып, салыстырылғаннан кейін, мұғалім кемпірқосақтың түстерін көрсете отырып сұрайды. What colour is it? Балалар сұраққа жауап береді.

Ойынның ұзақтығы: 7-10 минут.

2. «At the Zoo» ойыны.

Мақсаты: can модальді етістігінің қолданылуын үйрету.

Ойынға қажет құралдар: әр түрлі партаға қойылған ойыншық аңдар.

Ойын барысы: оқушылардың біреуі – экскурсовод, қалғандары жануарлар саябағына келушілер. Мысалы, балалар аюдың қасына барады.

Экскурсовод: This is a bear. It can run and jump. It can swim and climb trees but it can't fly.

Келушілер: Can it hop?

Экскурсовод: No, it can't.

Сосын басқа оқушы экскурсовод болады да, ойын ары қарай жалғасады.

Ойынның ұзақтығы: 7-10 минут.

3. Жазуға үйрету ойыны.

Мұғалім тақтаға қандай да бір сөзді жазады, мысалы: schoolchildren. Осы сөздегі әріптерден сөз құрастыруы керек. Мәселен: schoolchildren: he, she, side, shoe, nose, ill, red, doll, line, child, school және т.б. Қай топ көп сөз құраса, сол топ жеңіске жетеді.

4. «Whose birthday is today?» ойыны. Мұғалім оқушыларға “One of you has a birthday today. Guess who she is”.

Оқушылар: What colour is her hair?

What colour are her eyes?

What is her nose like?

What is she wearing?

What is her hobby? – деген сұрақтарға жауап бере отырып, оқушылар кімнің туған күні екенін табу керек. Бұл ойын оқушыларды ағылшын тілінде сөйлеуге үйретеді [5].

Қорыта келгенде, оқушылардың білім, білік шеберліктерінің жан-жақты дамуына, қалыптасуына, тілдік материалдарды жақсы біліп, сөз іскерліктерін меңгеруіне ойындар көп көмек береді. Олар арқылы түрлі дағдыларды меңгеру барысында оқушылар белсенділікке, өз бетінше жұмыс істеуге, қорытынды жасауға дағдыланады. Бастауыш сынып пен орта буын сабақтастығы барысында оқу үрдісінде «ойын» түрлерін пайдалану, біріншіден оқушылардың білімін берік меңгерту құралы болса, екіншіден балалардың сабаққа деген қызығушылығын, белсенділігін арттырып, білім сапасын көтеру болып табылады. Ойын әрекетінсіз ағылшын тілі лексикасын оқушының есінде қалдыру тиімділігі аз және ақыл-ой күшін көп қажет етеді. Оқу үрдісіне енгізілген ойын ағылшын тілі сабағында оқытудың бір түрі ретінде қызықты, жеңіл және жанды болуы керек. Ойын оқу үрдісін жеңілдететінін ескеру қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Жұмабаев Мағжан*. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 448 б.
2. *Аримбекова А.Г.* «Ағылшын тілі сабағында дидактикалық ойындар арқылы коммуникативтік күзіреттілікті дамыту», «Ағылшын тілін оқытудың әдістері» //Білім, №6, 2012. – 56 б.
3. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2011 жылғы 28 қаңтар. www.akorda.kz
4. *Майқынова А.М.* «Ағылшын тілі сабағында ойын элементтерін қолдану арқылы білім сапасын арттыру», «Ағылшын тілін оқытудың әдістері» //Білім, №4, 2013. 52 б.
5. *Төкенова К.Қ.* «Ағылшын тілі сабағында дидактикалық ойын түрлерін қолдану», «Ағылшын тілін оқытудың әдістері» //Білім, №4, 2011. 52 б.

РЕЗЮМЕ

Қоғамның бүгінгі дамуы маман тұлғасына жаңаша талаптар қояды. Әсіресе, жаһандану талаптары болашақ мамандардың кәсіби біліктілігін әлемдік стандарттармен байланыстырып жетілдіруді қажет етеді. Бүгінгі күні бұл талаптар мемлекеттік деңгейде қаралып, елдің даму болашағымен бірге қажет етілетін заңды құбылыс ретінде қабылдануда.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Біз

жастарымыз бағыт алып, бой түзеуге тиіс өз заманының жаңа қаһармандарын жасауымыз керек. Қазір біз балаларымыз қазақ тілімен қатар орыс және ағылшын тілдерін де белсенді меңгеру үшін жағдай жасауға шаралар қабылдап жатырмыз. Қазіргі әлемнің осы «лингва франкасын» меңгеру біздің еліміздің әрбір азаматына өмірдегі шексіз жаңа мүмкіндіктер ашады», – деп көптілді меңгеру арқылы әрбір азаматтың әлемдік білім кеңістігінде еркін қарым-қатынас орната алатындығына сенім білдіреді [1].

Осыған байланысты бүгінде кәсіби еңбектің интеллектуалдандыру тенденциясы маңызды орынға шығып, университеттік білім берудің деңгейінде қолға алына бастады. Өйткені қазіргі кезде әлеуметтік-экономикалық құрылымда көптілді маман ғана ел әлеуметін көтеруге заман талабына сай үлес қоса алады. Осыған орай жаңаша ойлайтын маманды қалыптастыруға бағытталған университеттік дайындаудың жаңа парадигмасы өзекті болып келеді, яғни қоғамның осы кездегі қалыптасуының талаптарына жауап беретіндей жоғары оқу орындарындағы білім беру студент тұлғасы дамуының жоғары деңгейін жеткілікті түрде қамтамасыз ету қажеттілігін туындатады. Қоғамның жаңа типін құру барысында жаңа құндылықтар жүйесіне бағытталған білім берудің негізгі мақсаты жоғары шығармашылық мүмкіншілігі бар көптілді болашақ маман тұлғасын қалыптастыру болып табылады. Сонымен бірге, бұл педагогикалық кадрларды даярлаудың мәселесін одан әрі өзекті ете түседі. Біздің қоғамымызда адамдық қатынастардың жалпы гуманизациясының, жаңа ұрпақтың рухани қалыптасуының, білім берудің түбегейлі жаңаруының бағдарламаларының жүзеге асуы көп жағдайда мұғалім тұлғасымен тікелей байланысты. Соның ішінде педагогикалық іс-әрекетте тұлғалық фактор жетекші рөлді атқарады, өйткені «адам-адам» жүйесінде әсер етудің күші өзіндік мүмкіншілігі бар адамды жетілдірудің деңгейімен анықталады. Егер жоғары оқу орнындағы оқыту үрдісі барысында педагог үнемі өзін-өзі дамытуды қажет ететін болса, онда ол мұғалім өзінің алдына қойған міндеттерін іске асыра алады. Сондықтан классикалық университеттік білім беру жағдайларында болашақ педагог кадрлардың кәсіби өзін-өзі дамытуын қалыптастыру мәселесіне ерекше назар аударып келеді.

Әлемдік білім беру кеңістігіне кіруге бағытталған білім берудің жаңа жүйесінің қалыптасу үрдісі білім беру парадигмасының ауысуымен сипатталады. Атап айтқанда, дәстүрлі субъект-объектіліктен гуманистікке бағыттылық, оқытудың тұлғаға бағыттылығы парадигмалары маңызды мәнге ие. Өткен ғасырдың соңынан бастап білім беру жүйесі білім берудің гуманистік парадигмасына сәйкес дамып келеді. Өйткені, қандай да болсын оқу-тәрбие үрдісінің сапалы болуы оны басқарып отырған тұлғаның болмысына тікелей байланысты болмақ және тәрбиеленушінің тұлғасына да осылай ықпал етпек. Осы тұрғыдан келгенде бүгінгі маманның білім беру сферасында үздіксіз білім алуға, көптілді білімді қабылдай отырып өзін-өзі

жетілдіруге дайындығының болуы тиіс.

Орта ғасырда өмір сүрген ұлы ғұлама әл-Фараби көптеген тілдерді еркін меңгерген маман ретінде тәлімдік үрдісті басқарар маманның тұлғасының қандай болмағын жан-жақты сипаттап, өз пікірін берген болатын. Ол өзінің «Бақытқа барар жолда» деген еңбегінде маманның тұлғалық моделінің құрылымын айқындап береді [2]. Онда ғалым маман үшін ең маңызды қасиет оның денсаулығының мықты болуы деп көрсетеді, яғни адам баласының барлық мүшелері өз қызметтерін мүлтіксіз атқаратындай болғанда қызметте жоғары сапа болатындығын айтады. Сонымен қатар, маман өз қызметінде алғыр да аңғарымпаз болмаса, кәсіби қызметтегі ерекшеліктерге сай әрекеттер өз деңгейінде орындалуы мүмкін еместігін айтады. Оларды естен шығармайтын ақыл иесі, соған қоса өткір сөз иесі, нақты, шешіп айтатын әділ де адал болуын тұлғалық қасиеттердің ішіндегі маманға қажетті маңыздылары деп түсіндіреді.

Маман иесі тұлға ретінде сегіз қырлы бір сырлы азамат болуы керектігін «*өнер-білімге құштар болу, ақыл үйренуден шаршап-шалдықпай, осыған жұмсалатын еңбектен қиналып азаптанбай, бұған оңай жететін болу керек*»-деп түсіндіреді. Осындай көптеген қасиеттерді атап, мұндай сапалар бойынан табылатын тұлға маман ретінде кәсіби білікті деп табылатындығын тұжырымдайды [2].

Сонымен қатар, ғұлама көзқарасы бойынша бәсекелестікке қабілеттіліктің тағы бір белгісі жақсы мінездің болуы деп те түсіндіреді. Әл-Фарабидің пікірінше педагог мамандығының иесі барлық ой мен қимыл әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп, нұр құятын тынымсыз жан болып табылады. Болашақ мамандар санасына ақыл мен тәрбиенің дәнін сіңіретін тәрбиеші, ұстаз-педагогтар болып табылады. Әрбір педагог өз ісінен рахаттанып, тәрбиешілерге қуаныш сыйлағанда педагогикалық үрдіс адамгершілік шеберханасына айналмақ. Осы тұста әл-Фараби: «Кімде-кім өзінің тіршілігі үшін, өзіне пайда келтіретін еңбекпен айналысса, сонда ғана ол нағыз ел адамы бола алады», - деген өмірлік өсиет қалдырды. Ғұламаның еңбек тәрбиесі туралы көзқарастары өзінен көп кейінгі ұрпақтар еңбектерінде жалғасын тауып жатты. Олай деп тұжырым жасауымызға ұлы Абай еңбектері негіз болады. Ақын осы тұста "Кімде кім өзі үшін ғана өмір сүрсе, өзі үшін оттаған хайуанмен тең, ал халық игілігі үшін өмір сүрсе, ол Алланың сүйген құлы болмақ", - деп айтады [3].

Жоғарыда қарастырылған ғұламалар көзқарасындағы тұлғаның бойынан табылуы тиіс адами сапалар ізгіліктің белгілері екендігі мәлім. Бүгінгі оқу үрдісінің басты мақсаты да болашақ мамандарды осындай тұлғалық сапаларды бойына сіңіретіндей етіп тәрбиелеуді көздейді. Оқытудың тұлғалық бағыттылығы парадигмасының негізгі идеясы оқу-білімнің барлығы да адам тәрбиесін қалыптастыру үшін қызмет ететіндігін еске салады.

Болашақ маманның өзін-өзі дамытуы мен кәсіби біліктілігін заман

талабына сай жетілдіру мәселелері көптеген ғалымдар тарапынан зерттеліп келді.

Атап айтқанда, Ресей ғалымдары Б.Г.Ананьевтің [4], А.Г.Асмоловтың [5], Л.С.Выготскийдің [6], О.С.Газманның [7], Л.Н.Куликованың [8], А.Н.Леонтьевтің [9], В.Н.Мясищевтің [10], С.Л.Рубинштейннің [11] және т.б. еңбектерінен адамның мәнінің оның өз өміршендігінің субъектісі ретінде және өзін-өзі дамытатын шығармашыл тұлғаның субъектісі ретінде қарастырылатындығын көруге болады.

Қазақстандық зерттеушілердің еңбектерінде білім беру сферасында тұлғаның этномәдениеттік қызығушылықтарын іске асыру туралы Л.Гумилев, Н.Джандильдин және т.б. жазған [12]. Білім беруді тұлғалық ұстанымдарға және жеке көзқарасқа қайта бағдарлау бойынша келелі ой білдірген ресейлік ғалым Ш.А.Амонашвили, Т.В.Габай, Отандық ғалымдар М.М.Мұқанов, Ж.И.Намазбаева [13], С.М.Джакупов [14], және т.б. білім беру жүйесіндегі тұлғаға бағытталған көзқарас - гуманистік парадигманы іске асырумен байланысты оқыту, тәрбиелеу және дамыту теориясы мен әдістерінің жүйесін яғни тұлғаның өзіне және оның құндылықтарына бағыттаушылық мәселелерін сабақтастықта қарастырып келген.

Философиялық әдебиеттерде тұлға әлеуметтік және биологиялық сипатқа ие адам ретінде анықталады. Әр адам, тұлға бола тұра, бір жағынан, жеке болады, екінші жағынан - әлеуметтенген болады, яғни әлеуметтік маңызы бар қасиеттерімен сипатталады.

Психологиялық еңбектерде тұлға – психиканың сапасы, ол адамның қоғамда дамуының нәтижесі ретінде анықталады деп сипаттама беріледі [15]. Сондай-ақ, тұлға психикалық ұйымдастыру түрлері иерархиясының жоғары ерекше деңгейі ретінде, өмір мен іс-әрекет субъектісі ретінде, қоршаған ортаны және өзін-өзі өзгертетін адам ретінде, индивидтің бір әлеуметтік қасиеті ретінде, әлеуметтік байланыстар мен қатынастарды дамытудың және болмысының жеке формасы ретінде қарастырылады.

Тұлғаға бағдарлаушылық білім берудің мәні – болашақ маман тұлғасының өзін-өзі дамытуына және әлеуметтенуіне бағытталған, индивидтің тұлғалық қызметтерін дамытуға бағытталған педагогикалық жүйенің бағдарлануында. Біздің көзқарасымыз бойынша, тұлғаға бағдарлаушылық көзқарасы оқыту үрдісі барысында әр студенттің тұлғасының дамуы үшін ыңғайлы білім беру ортасын жасауға бағытталған.

Өзін тұлға ретінде қабылдайтын болашақ маман қоршаған адамдарды қабылдауға деген өзіндегі мүмкіншілігін ашады, оларды өзіндей көреді және олардың жеке ерекшелігін құрметтейді. Педагогикалық және психологиялық білім берудің негізгі міндеті – білім алушыларды өздігінен ойлауға, мәселелерін шешуге, яғни тұлғалық өсуін қамтамасыз ету үшін өз қасиеттерін қолдануға үйрететін педагог-психологты тәрбиелеу болып табылады.

Білім берудегі тұлғаға-бағдарлаушылық көзқарас маман тұлғасының шығармашылық дамуы мен тәрбиесін қамтамасыз ететін ең тиімді формаларының, әдістерінің және тәсілдерінің іздестіру аспектісінде орындалатын оның субъектілерінің тұлғалық қызметтерін дамыту мен толық көрініс беру үшін жағдайлар жасаудан тұрады. Студенттердің тұлғаға-бағдарлаушылық даму міндеті бірқатар еңбектерде негізделеді (В.В.Сериковтің, А.В.Петровскийдің, А.К.Маркованың және т.б.). Педагогты дайындау олармен алдағы педагогикалық жұмыстың субъект іс-әрекеті барысында қалыптасатын тұлғалық-бағдарлаушылық мән-мағыналардың және субъект іс-әрекетімен айқындалатын күрделі үрдісі ретінде қарастырылады.

Сондықтан да педагогикалық және психологиялық тұрғыдан болашақ маманның өзін-өзі дамыту іс-әрекеті мен оның өзіндік санасының ерекшеліктерін тұлғаның кіріктірілген компоненті ретінде зерттеу маңызды.

Қазіргі зерттеулерде қоғамның кәсіби білікті мамандарын даярлауды талап ету және олардың тұлғасына ерекше талап қою арасында; дағдыларын өздігінен дамыту қажеттілігі мен маманның жеке қасиеттерін дамыту ретінде өзін-өзі дамыту және тәжірибеде осы қасиеттерді қалыптастыру стратегиясының болмауы арасындағы қарама-қайшылық туындап отырғандығы айтылып жүр. Негізгі қарама-қайшылықтың мәні тұлғаның өзін-өзі дамуы белгілі бір жағдайда өзін-өзі ұсынудың объективті үдерісі ретінде қаралуында болады. Бірақ, тұлғаның өзін-өзі дамуының ерікті үдерісі басталуы үшін белгілі бір қажетті жағдайлардың болуы маңызды және оған басшылық ету керек.

Философиялық зерттеулердегі тұлғаның ішкі құрылымы адамның әлеуметтік жаратылыс ретіндегі үнемі өзгеруін үнемі тұрмыс жағдайына байланысты түсіндіреді және қоршаған ортаның түрлі факторларының әсерімен болады деп біледі. Осыған орай М.К.Макарашвилидің ойы өзекті болады: «адам әлемдегі үнемі қайта жаңару үстіндегі әрекет пен талап жағдайында болатын жан, осы жаңадан жаңаруы адамның өзінің ұмтылысының нәтижесінде, ерік күшін өз ұмтылыстарына бағындыру нәтижесінде іске асады» [16]. Сонымен бірге, П.Г.Шедровицкийдің пікірі бойынша тұрмыстың күрделілігі адамның өзін-өзі дамуына, ішкі дүниесіне назар аудару қажеттілігін талап етуінен болады. Бірақ өзін-өзі дамыту механизмін іске асыру үшін себепкер ұмтылысы қажет, ол – белсенділік, өзіндік-себептік ауыстыру мен ауысу. Осы идеялардың негізінде біз болашақ маманның кәсіби қалыптасуы барысында педагогикалық процесстің мазмұнын белгілейміз, педагогикалық әсер етудің мәні мен бағыты өздерінің «Жақсы Меніне» жетудегі студенттердің өзгелермен іс-әрекеттік әрекеттестігі арқылы өзін-өзі жүзеге асыру негізінде рухани-шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдайлар жасайды. Сонымен, философиялық ғылымдар тұлғаның өзін-өзі дамытуы туралы түсінікке өзін-өзі жетілдіру мен

әлеуметтік қызмет көрсету мақсатымен рухани-тәжірибелік өзіндік жаңаруы ретінде, өзінің адами мәнінің толықтығына жету мен өмірлік мақсаттарға қарай өз-өзінің құрастырылуының аяқталуына бағытталған адамгершілік жаңару іс-әрекеті ретінде зерттеген. Бұл жерде тұлғаның өзін-өзі дамытудың маңызды факторы ретінде көптеген философтардың пікірі бойынша диалектикалық бірігудегі еркінділік саналады, сонымен еркіндіктің «неден» дегеннен гөрі «не үшін» құндылығы айқындалады. Осының барлығы тұлғаның өзін-өзі дамытудың негізгі шарты ретіндегі еркінділік мәселесінің философиялық аспектісіне тоқталуға мүмкіндік жасайды. Біздің көзқарасымызға П.Г.Щедровицкийдің пікіріне жақындау болады, белсенділіктің көзі адамның өзінен бастау ала бермейді, сондықтан да білім беру жүйесі іс-әрекеттің жаңа үлгілерін қалыптастырудың және белсенділіктің, ойлаудың шығармашылық эволюциясының, жалпы әрекеттің орталығы болуы тиіс. Біздің зерттеулеріміз бойынша белсенді тұлғаның ішкі еркінділігі болады, яғни оның өз мінез-құлығының ерекше жолын таңдауға, іс-әрекеттің ерекше формалары мен мазмұнын, тәсілдерін еркін таңдауға қабілеттілігінің болуымен түсіндіріледі.

Субъект-тұтастылықтың және автономиялықтың, өз белсенділігінің жоғары деңгейіндегі адам. Осы деңгейде адам өте жекеленіп кеткен, яғни өз мотивациясы, қабілеттері, психикасы ерекшеліктерін білдіреді. Сонымен, адам субъект ретінде туылмайды, ол іс-әрекет барысында субъект ретінде танылады. Әр тұлға – субъект, бірақ соның өзінде ол тұлғаға теңестірілмейді. Субъект-өзін-өзі ұйымдастырудың белгілі бір сапалы тәсілі, тұлғаның өзін-өзі реттеуінің, ішкі және сыртқы жағдайлардың келісуінің тәсілі, барлық психикалық үдерістердің, күйлердің, қасиеттердің реттеу орталығы, сонымен бірге қабілеттердің, объективті және субъективті мақсаттарға қатысты іс-әрекеттің міндеттеріне сәйкес тұлғаның мүмкіндіктері мен шектеулерінің формасы. Субъектінің тұтастылығы, бірлігі және кіріктірілуі оның психикалық қасиеттері жүйелілігінің негізі болады.

Сонымен, жоғарыдағы ғалымдар зерттеулері мен көзқарастарын жүйелеп, тұжырымдай келе, *субъект - тұлғаның өзін-өзі басқаруының, өзін-өзі ұйымдастыруының және өзін-өзі дамытуының сапалы тәсілі болып анықталады екен.*

Субъект – әрекеттік көзқарастың ережесіне сәйкес субъект өзін-өзі дамытудың негізі ретінде тәжірибелік (практикалық) және теориялық іс-әрекеттері алынады, бірақ олардың барысында бір ғана іс-әрекет өтеді (ойын, оқу, еңбек және т.б.) және қарым-қатынастың түрлі деңгейлерінде жүзеге асырылатын нақтылау мен дамыту жүреді. *Бір жағынан, субъектіні дамытуда белсенділік пен іс-әрекеттің рөлі жетекші болып анықталады, екінші жағынан, сауал туындайды – субъектінің белсенділігі мен іс-әрекетін не бағыттайды? Теориялық тұрғысынан мақсатсыз саналы және саналы емес тәжірибелік іс-әрекетті болдыру қиынға соғады.*

Көптілді орта – болашақ маманның өзідігінен дамытудың кәсіби қалыптасуына ықпал ететін педагогикалық жағдайлардың жасалуы тұлға дамуының жалпы теориялық негіздемесін талап етеді. Бұл өзара әрекетте болатын факторлардың әсерін есепке ала тұра өзін-өзі тану және өзін-өзі дамыту феномендерін анықтауға, сонымен бірге педагогикалық үрдісі жағдайында олардың іске асудағы механизмдерін анықтауға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы //«Оңтүстік Қазақстан». 2012 ж. 15-желтоқсан.
2. Әл-Фараби. «Бакытқа барар жолда». Әлеуметтік-этикалық трактаттарында. – Алматы: – Ғылым, 1975. – 305 б.
3. Құнанбаев Абай. Қара сөздері. – Алматы: – Атамұра, 1993. – 91 б.
4. Ананьев Б.Г. Структура личности. – М.: Питер, 2000.
5. Асмолов А.Г. Психология личности: культурно-историческое понимание развития человека. – М.: Смысл, 2007. – С.528.
6. Выготский Л.С. Спиноза: диалог сквозь столетия //Вопросы философии. – М., – 2008. – № 10. – с.116-127.
7. Газман О.С. Педагогика свободы: путь в гуманистическую цивилизацию XXI века //Новые ценности образования. – М., 1996. - Вып. 6. – с.10-37.
8. Куликова Л.Н. Изучение личности подростков в учебной деятельности //Психологическая наука и образование. – М., – 2003. – № 1. – с. 8.
9. Леонтьев А.Н. Педагогика и психология. Пути модернизации начального и среднего образования / под ред. А.А.Леонтьева. – М.: Баласс, 2002. - Вып. 6. – с.258-265
10. Мясищев В.Н. Психотерапевтическая энциклопедия / под. ред. Б.Д. Карвасарского. – Изд. 2-е, доп. и перераб.. – СПб.: Питер, 2000. – с.394-195.
11. Рубинштейн С.А. О мышлении и путях его исследования. – М.: Изд-во АН ССР., 1958. – с.125.
12. Гумилев Л.Н. Этносфера история людей, история природы. – М.: ООО "Издательство АСТ", 2004. – 576с. (Сер."Историческая библиотека").
13. Намазбаева Ж.Ы. Жалпы психология. – Алматы: Абай атындағы Қаз ҰПУ Психология институты, 2006. – 296 б.
14. Жақыпов С.М. Жалпы психология негіздері. – Алматы: Алла прима, 2012. – 202 б.
15. Жарықбаев Қ.Б. Психология негіздері. 6-бас. өнд., толық. – Алматы: Эверо, 2005. – 455 б.
16. Тәжібаев Т.Т. Қазақстанда халыққа білім берудің және педагогикалық ойлардың тарихы. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2002. – 368 б.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается проблема подготовки кадровых специалистов Республики Казахстан и взаимосвязано с посланием Президента. Также, формирование будущего специалиста в высших учебных заведениях как саморазвивающего индивида. **(Әтемова Қ.Т., Исабекова Г.Б. Формирование будущего специалиста как личность в многоязыковой среде)**

SUMMARY

The article is devoted to the problem of preparing specialists of Republic Kazakhstan and it is connected with the message of President. So, it is very important process of preparing professional specialist in high educational system. **(Atimova K.T., Isabekova G.B. Formation of Future Specialist's Personality in Multilingual Area)**

ӘОЖ 371, 1

Б.Т.ОРТАЕВ

педагогика ғылымдарының докторы, доцент
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ

А.А.КУРАЛБАЕВА

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің PhD докторанты

ОҚЫТУ САПАСЫН АРТТЫРУДАҒЫ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТА ҚҰРАСТЫРУ – ӘДІСТЕМЕЛІК ІС-ӘРЕКЕТ НЕГІЗІ

Қазіргі кезеңде алдыңғы қатарлы өркениетті елдермен қатар Қазақстан ғылым мен білімді әлемдік талаптар мен стандартқа сай, ұлттық ерекшелікке үйлесімді бағытта дамыту жолдарын қарастыруда. Әсіресе қазіргі ғылыми-техникалық қарыштау кезінде оқушылардың жеке тұлғасын, дүниетанымын қалыптастыру, білім сапасын арттыру өзекті мәселеге айналып отыр. Еліміздегі бастауыш мектептерде білім берудің мазмұнын жаңарту мәселесіне көңіл бөлініп, өскелең ұрпақтың жан-жақты дамуына жағдай жасалуда. Соған сәйкес бастауыш мектептің жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуде атқаратын рөлі орасан зор. Міне, осы негізде оқыту сапасын арттырудағы технологиялық карта құрастыру әдістемелік іс-әрекет негізі болып табылады.

Кілт сөздері: білім сапасы, оқыту сапасы, сабақ құрылымы.

Оқушының білім сапасын арттыру - өз пәнін жетік білетін, оқушының шығармашылығы мен дарындылығының дамуына жағдай жасай алатын, тұлғалық-гумандық бағыттылығы жоғары, педагогикалық ақиқат пен ондағы өзінің іс-қимылын жүйелілікпен арттыруға қабілетті, оқытудың жаңа технологияларын меңгерген және білімдік мониторинг негізінде ақпараттарды таба алатын, таңдайтын, сараптай алатын, отандық және шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білетін мұғалімге байланысты.

Оқушылардың білім сапасын нақты көрсететін жекелеген пәндердің сапа көрсеткіші мен үлгерімі екендігі бәрімізге аян. Десек те, қойылған баға кейбір жағдайларда білім сапасын айқындамайтыны тағы бар.

Оқыту сапасы – оқушылардың оқыту мақсаты мен міндеттері негізінде қойылған белгілі бір талаптарды орындау қабілеттілігі. Оқыту/оқу сапасына білім сапасы байланысты болып табылады. Білім сапасы ретінде оқу материалдарын меңгерудегі толықтық, тереңдік, жүйелілік, беріктік, т.с.с. сапа қасиеттерінің жиынтығы алынатыны педагогикадан белгілі.

Оқыту/оқу нәтижесінде меңгерілген білім және оның түрлері адамның күзіретінің, мәдениетінің, сондай-ақ сапалық қасиеттерінің құраушысы болып табылады. Біздер оқушыға қатысты «білім деп, оқушының (оның ішінде бастауыш сынып оқушысының) оқу пәніне қатысты қалыптастырылған/қалыптастырылатын, күзіреттерді түзетін танымдық сала құраушылары және шындықты тану үдерісінің мақсатын/нәтижесін түсінеміз». Оның негізін меңгерілген ақпараттар және олармен жасалатын ақпаратты амалдар түзеді. Білім білім беру үдерісіне қатысты болған жағдайда оқу пәндеріне сәйкес көлемі кеңейтіледі, кең мағынада түсініледі.

Қазіргі таңда білім сапасы оқытудың сапасына және оқушының білім сапасына тікелей байланысты. Оқыту сапасы мұғалімнің сабақтағы әрекетінің мынадай өзіндік ерекшелігімен сипатталады:

- жаңа дидактикалық әдістерді қолданумен;
- сабақты оқытудың әдістемесін және түрлерін жүзеге асырумен;
- оқушының сапалы меңгерген білімі, іскерлік, дағдысының жетістігін жетілдірумен;
- оқушының оқуға көзқарасын оңды өзгертумен, шәкірттің әртүрлі олимпиадаларға, сайыстарға, ғылыми конференцияға қатысуын қамтамасыз етумен;
- ғылыми-әдістемелік біліктіліктің жетілдірумен;
- ғылыми экспериментке қатысумен, т.б.

Бұлардың барлығы мұғалімнің сабақтағы берген білім сапасы көрсеткіштерін арттыруға бағытталады. Ал, оқушының білім сапасы - орта, негізгі, бастауыш білім беру мазмұнының міндетті минимумын игерген жетістігін бағалаумен анықталады.

Кеңестік педагогикада білім сапасы оқушылардың оқуға әзірлігінің басты, маңызды қасиеті ретінде, білім беру мазмұнының кіріктірілген көрсеткіші ретінде қарастырылды. Бірқатар дидактикалық еңбектерде білім сапасы және оны оқушылардың меңгеруін зерттеу бұл мәселені деңгейлік тұрғыдан қарастырумен байланысты (Беспалько В.П., Калмыкова З.И., Коган Т.Л., Паламарчук В.П., Травинский В.И. және т.б.).

Педагогикалық еңбектерді зерделеу негізінде [1, 2, 3, 4, 5] білімді, оқу материалдарын меңгерудің деңгейін төмендегідей жинақтап көрсетуге болады.

Б.Блум бойынша: білу (білім, есіне сақтау); түсіну; қолдану; талдау (саралау); жинақтау; бағалау.

В.П.Симоненко бойынша: айырмашылықты табу; есте сақтау; түсіну; қарапайым іскерліктер мен дағдылар; тасымалдау.

В.П.Беспалько бойынша: оқу (тану); алгоритмдік (типтік тапсырмаларды/міндеттерді шешу); эвристикалық (әрекетті таңдау); шығармашылық (әрекет іздеу).

В.Н.Максимова бойынша: тану; есте сақтау; түсіну; қолдану.

М.Н.Скаткин бойынша: ұғымдарды (түсінгенді) айтып беру; ұғымды тану; ұғымды қолдану; ұғымдар жүйесін айтып беру; ұғымдар жүйесін қолдану.

О.Е.Лебедев бойынша: хабарының болуы; функциональдық сауаттылық; сауаттылық; күзiреттiлiк.

Оқу материалдарын меңгерудің әрбір деңгейін кеңінен ашып көрсетуге болады. Мәселен, В.П.Беспалько келесі білім деңгейлерін былай қарастырады:

1. Тану, айырып тану, ажырату → білім тану.

2. Қарастырылатын объект туралы ақпаратты есте сақтау немесе түсіну деңгейінде қайта жаңғырту (қайталап айту, жазу, еске түсіру) → білім көшірме.

3. Білімді тәжірибеде, таныс объектілер мен ситуацияларға алдын ала көрсеткендегідей етіп дәлме-дәл қолдану → білім-іскерлік.

4. Білімді тәжірибеде, таныс емес, бірақ осыған дейін оқып-меңгерілген, қарастырылған ситуациялар мен объектілерге ұқсас жағдайларға және сонымен қатар оларға ұқсас емес, өзгертілген жағдайларға қолдану → білім-тасымалдау (знания-трансформации) [6].

Республикамыздың білім беру жүйесінде Б.Блумның оқу мақсаттары, оқыту нәтижелеріне бағдарланған оқыту үдерістерін ұйымдастыру басшылыққа алынуда. Педагогикалық әдебиеттерді зерделеуге сәйкес оқыту мақсаттарының негізгі категорияларын және оқыту мақсаттарының жалпыланған типтерінің мысалдарын төмендегіше сипаттауға болады:

1. Білу (білім) деңгейі. Бұл категория оқыған материалды есте сақтау мен еске түсіруді білдіреді. Мұнда әртүрлі мазмұн түрлері туралы – нақты деректерден тұтас теорияға дейін сөз болуы мүмкін. Бұл категорияның жалпы белгілері – сәйкес мағлұматтарды еске түсіру (ұмытпау, есінде сақтау).

Оқушы:

- қолданылатын терминдерді;
- нақты фактілерді (айғақтарды);
- әдістер және процедураны;
- негізгі ұғымдарды;
- ережелер мен қағидаларды, т.с.с. біледі (есте сақтайды және еске түсіреді).

2. Түсіну деңгейі.

Бұл деңгейде ерекшелік сипаты зерделенген/оқыған материалдардың мәнін түсіну мүмкіндігінің көрсеткіштері бір формадан басқа формаға түрлендіруі, бір «тілден» басқасына тасымалдау (мысалы, сөздік формасындағыны математикалық тілге) болу мүмкін. Түсінудің көрсеткіші ретінде оқушының өз сөзімен айтып беруі (түсіндіруі, қысқаша мазмұндауы) немесе құбылыстың, оқиғаның (салдарын, нәтижелерін алдын ала айтуы) жүрісінің барысын болжауы болуы мүмкін. Мұндай оқу нәтижелері

материалды қарапайым есте сақтаумен жүреді.

Оқушы:

- фактілерді (айғақтар), ережелер мен тәсілдерді түсінеді;
- сөздік материалдарды, схемаларды, графиктерді, диаграммаларды түсіндіріп береді;
- сөздік материалдарды математикалық өрнектерге өзгертеді/түрлендіреді;
- бар мәліметтерден туындайтын алдағы салдарларды дұрыс сипаттайды.

3. Қолдану деңгейі.

Бұл категория зерделенген/оқыған материалдарды нақты жағдайларда және жаңа жағдаяттарда пайдалана алуды білдіреді. Оған ережелерді, әдістерді, ұғымдарды, заңдарды, қағидаларды, теорияларды қолдану кіреді. Оқытудың сәйкес нәтижелері түсінуге қарағанда материалды едәуір жоғары деңгейде меңгеруді талап етеді.

Оқушы:

- ұғымдар мен қағидаларды жаңа жағдаяттарда пайдаланады;
- заңдарды, теорияларды нақты тәжірибелік жағдаяттарда қолданады;
- әдістердің немесе тәсілдердің, т.б. дұрыс қолдануын көрсетеді.

4. Талдау деңгейі.

Бұл категория материалды құраушыларға оның құрылымы айқын көрінуі үшін бөлшектей алуы білдіреді. Оған бүтінді/тұтасты бөліктерге ажырату, олардың арасындағы өзара байланысты айқындау, бүтіннің ұйымдасу қағидаларын саналы сезінуі қатысты болып табылады. Оқу нәтижелері сонымен қатар, түсіну мен қолдануға қарағанда едәуір жоғары интеллектуальды деңгеймен сипатталады, себебі оқу материалының мазмұны мен оның ішкі құрылымын саналы сезіну талап етіледі.

Оқушы:

- бүркемеленген (жасырынды, айқын емес) болжамдарды айқындайды;
- пікірлер логикасындағы қателіктер мен білместікті көреді;
- айғақтармен және салдарлардың арасындағы өзгешелікті жүзеге асырады;
- мәліметтердің маңыздылығын, т.б. бағалайды.

5. Жинақтау (синтез) деңгейі.

Білу категория жаңалыққа ие бүтінді алу үшін элементтерді ұластыру, амал жасау іскерліктерін білдіреді. Ондай жаңа өнімі хабарлама (сөз сөйлеу, баяндама), әрекет ету жоспары немесе талдап қорытындыланған байланыстар жиынтығы (бар мәліметтерді тәртіпке келтіру сызбасы) болуы мүмкін. Сәйкес оқу нәтижелері жаңа сызбалар мен құрылымдарды жасауға басымдық беретін шығармашылық сипаттағы іс-әрекеттерді болжайды.

Оқушы:

- кішігірім шығармашылық шығарма жазады;

- эксперимент жүргізудің жоспарын болжайды;
- әртүрлі сала (пән) білімдерін осы немесе басқа қандай да бір мәселені, т.б. шешу жоспарын құрастыру үшін пайдаланады.

6. Бағалау деңгейі.

Бұл категория осы және басқа да материалдардың мәнін (көркем шығармаларды, зерттеу мәліметтерін бекітеді) бағалау іскерлігін білдіреді. Оқушының талқылауы нақты критерийлерге негізделуі қажет. Критерийлер ішкі (құрылымдық, логикалық) және сыртқы (белгіленген мақсатқа сәйкес) болуы мүмкін. Критерийлер оқушының өзімен анықталуы немесе сырттан, мәселен мұғалім тарапынан берілген болуы мүмкін. Бұл категория барлық алдыңғы категориялардың барлығының оқу нәтижелерін және белгіленген категорияның айқындығына бағалау талқылауы жетістігін қосуды болжайды.

Оқушы:

- материалдың логикалық тұрғызылуын жазба мәтін түріндегі бағалайды;
- бар мәліметтерге қорытындылардың сәйкестігін бағалайды;
- ішкі критерийлерге негіздей отырып, осы немесе басқа да іс-әрекет өнімінің мәнін бағалайды;
- сыртқы критерийлерге негіздей отырып, іс-әрекет өнімінің мәнін бағалайды.

Білім сапасы әрбір деңгей үшін бағалау критерийлерімен айқындалады.

Білім беру жүйесінде білімді және оның сапасын анықтау ағымдық, аралық, қорытынды бақылау нәтижесінде жүзеге асырылады. Ал, білімді қалыптастыру және оның сапасын арттыру оқыту үдерісін жетілдіру негізінде жүзеге асырылады.

Оқыту үдерісін ұйымдастыру педагогикалық жүйе құраушыларымен және оларға қатысушыларға байланысты. Бастауыш сыныпта оқытуды ұйымдастырудың негізгі формасы сабақ екендігі белгілі. Сабақты ұйымдастырудың барлық буын сыныптары үшін ортақ құраушылары бар.

Сабақтардың құрылымдық схемасы кезінде олардың дидактикалық, логикалық-психологиялық, әдістемелік құрылымдары қатар беріледі, мұғалім мен оқушының іс-әрекетінің түрлері, дидактикалық материалдар мен оқытудың техникалық құралдары көрсетіледі немесе оларды төмендегіше тізбектеуге болады:

1. Сабақты ұйымдастырудағы дидактикалық құрылымы.
2. Оқытудың техникалық құралдары.
3. Оқу материалының әдістемелік құрылымы.
4. Оқыту іс-әрекетінің түрлері (оқыту тәсілдері).
5. Оқушы іс-әрекетінің түрлері (оқу тәсілдері).
6. Көрнекі материалдар.
7. Оқушылардың танымдық іс-әрекетін басқарудағы логикалық-психологиялық құрылымы.
8. Уақыт мөлшерін айқындау.

Сабақты ұйымдастырудың дидактикалық құрылымын, сабақтың немесе оның құраушыларының мақсатына сәйкес төмендегідей көрсетуге болады:

1. Белсендіру/белсенді ету;
2. Жаңа ұғымдар мен іс-әрекет тәсілдерін меңгерту/меңгеру;
3. Іскерлік пен дағдыны қалыптастыру.

Міне осыны негізге ала отырып, 1-кестеде берілгендей сабақтың жалпы құрылымын жасауға болады.

Кесте 1. Сабақ құрылымы бойынша технологиялық карта.

№	Сабақты ұйымдастырудағы дидактикалық құрылымы	Оқу материалының әдістемелік құрылымы	Оқушылардың танымдық-іс-әрекетін басқарудағы логикалық-психологиялық құрылымы	ОТҚ / көрнекі материалдар	Оқытушының іс-әрекетінің түрлері (оқыту тәсілдері)	Оқушы іс-әрекетінің түрлері (оқу тәсілдері)	Уақыт мөлшері	Білімді меңгеру іс-әрекетті қалыптастыру деңгейі
1	Белсендіру/ белсенді ету	Жалпы/ерекше, нақты оқу материалдары	Сұрақ-жауап, міндеттерді/ тапсырмаларды шешу.	Интерактивті тақта, Магнитті тақта	Хабарлау, сұрақтар қою	Өзіндік іс-әрекетті ұйымдастыру, Сұраққа жауап беру		
2	Жаңа ұғымдар мен әрекет тәсілдерін меңгерту/ меңгеру	Оқу элементтері (ұғымдар), оқу материалдары	Дәлелдеу, өз сөзімен айту, жаңа жағдайда меңгерілгенді қолдану	Интерактивті тақта, Магнитті тақта	Сұрақ-жауап, түсіндіру	Оқу материалын талдау, сұрақтар қою		Білу/ Түсіну/ Қолдану/ Талдау/ жинақтау/ бағалау
3	Іскерлік пен дағдыны қалыптастыру	Нақты оқу материалдары	Тапсырманы орындау, Үй тапсырманы орындау	Интерактивті тақта, Магнитті тақта	Тәжірибені демонстрациялау	Тыңдауы және бақылауы; Сұрақ-жауап және түсіндіру; сұраққа жауап беру және тыңдауы		Үлгілеу (еліктеу)/ басқару/ дәлмедәлдік/ әрекеттерді тұтастыру/ еркін орындау

Кестеге сәйкес оқу материалының әдістемелік құрылымында пәннің мазмұнын түзетін құрылымдық элементтер алынады. Олар: анықтамалар, бірліктер, өрнектер, қасиеттердің сипаттамалары, практикалық қолданылым нұсқаулары, т.б. болуы мүмкін.

Оқушылардың танымдық-іс-әрекетін басқарудағы логикалық-психологиялық құрылымында педагогикалық тапсырмалардың, оның ішінде сұрақтардың рөлі жоғары. Сұрақтардың ішінде төмендегідей түрлері оқу материалдарының мазмұнына байланысты басымдық алуы мүмкін: күмәнді сұрақ, еске түсіру сұрағы, ынталандыру сұрағы, т.б.

Сондай-ақ, қазіргі кезде оқыту үдерісін оқытудың техникалық құралдарынсыз елестету мүмкін емес. Оның ішінде интерактивті тақтаны кеңінен қолдану жүзеге асырылуда.

Сабақтың сапалы болуы мұғалімнің оқу материалдарын баяндау тәсіліне де байланысты. Мұғалім тарапынан жүзеге асырылатын әдістерді «оқыту әдістері» деп атау кеңінен қолданылуда. Ал, оқушы тарапынан сабақ барысында жүзеге асырылатын әдістерді «оқу әдістері» деп те атайды.

Сонымен, оқытуды ұйымдастыруда, оның ішінде оқыту сапасын арттырудағы әзірленген технологиялық карта мұғалімнің әдістемелік іс-әрекет негізін құрайды деп білеміз. Оқыту мақсаты/нәтижесі белгілі (деңгейлер) болған жағдайда оған қол жетізуді кесте құраушыларына сәйкес мұғалім оқыту, оқу әдістерін, ұйымдастыру формаларын, оқытудың техникалық құралдарын таңдауды және оларды жүйелі қолдануды дұрыс жобалай алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Айсмонтас Б.Б.* Теория обучения: Схемы и тесты. – М.: Владос-пресс, 2002. – 176 с.
2. *Әлімов А.* Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. – Алматы: ЖШС «Жедел басу баспаханасы», 2009. – 328 б.
3. Болон үдерісінің қағидалары (қысқаша шолу) / құраст. Шалхарова Ж.С. – Түркістан: «Тұран», 2013. – 24 б.
4. Дидактика средней школы / под ред. М.А.Данилова и М.Н.Скаткина. – М.: Просвещение, 1975. – 303 с.
5. *Самылкина Н.Н.* Современные средства оценивания результатов обучения. – М.: Бином. Лаборатория знаний, 2007. – 172 с.
6. *Беспалько В.П.* Программированное обучение: Дидактические основы. – М.: Высшая школа, 1970. – 300 с.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются основы методологической деятельности по повышению качества обучения при составлении технологической карты.

(Ортаев Б.Т., Куралбаева А.А. Основы методологической деятельности по повышению качества обучения составляя технологическую карту)

SUMMARY

The article covers the basics of methodological activities increase quality training in the preparation of the routing.

(Ortaev B.T., Kuralbaeyva A.A. Fundamentals of Methodological Work on the Quality of Training Increase Making Flow Chart)

УДК

А.И.ИСМАИЛОВ

доктор исторических наук, профессор
МКТУ им. Х.А.Ясави

Б.И.НАКЫПОВ

доктор юридических наук, профессор
МКТУ им. Х.А.Ясави

НАКАНУНЕ И В НАЧАЛЕ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ 1941-1945 гг.

Разработка замысла агрессии на Советский Союз завершилась 31 июля 1940 г. В тот же день в Берхгофе состоялось совещание руководящего состава вооруженных сил Германии, на котором были уточнены цели и замысел войны, определены её сроки. На этом совещании Гитлер обосновал необходимость военного разгрома СССР стремлением завоевать господство в Европе. "Россия должна быть ликвидирована, срок – весна 1941 года," – заявил Гитлер. Нападение намечалось на 15 мая 1941 г. В конце апреля 1941 г. политическое и военное руководство Германии окончательно установило дату нападения на СССР: воскресенье 22 июня 1941 г. Перенесение срока с мая на июнь было вызвано необходимостью передислоцировать к границам СССР силы, участвовавшие в агрессии против Югославии и Греции. В первые месяцы войны, когда ускоренно проводилось формирование войск для фронта, в составе стрелковых и кавалерийских дивизий была весьма высока доля представителей местных народов. Однако, в ходе войны национальный состав войск представлял иную картину. По данным исследователя А.А.Артемова в казахстанских девяти соединениях, начиная с 1943 года, доля казахов не превышала 8 процентов. Только в других 6-ти дивизиях, сформированных вне Казахстана, казахи составляли от 10 до 15 процентов. Это отражает процессы изменения в укомплектовании войск, когда на место выбывших прибывали новые пополнения, представители нерусских национальностей расосредоточивались по другим воинским частям.

Создание и развитие вооруженных сил независимого Казахстана сопровождалось ускоренным формированием отечественного военно-промышленного комплекса. Под личным руководством Верховного Главнокомандующего Вооруженными Силами Н.А. Назарбаева создана прочная оборонная база, способная снабдить части и соединения всем необходимым.

Ключевые слова: Великая Отечественная война, мобилизация, вооруженные силы, фашизм, тыл, эвакуация, оборонная промышленность.

Вторая мировая война (1939-1945 гг.), развязанная германским фашизмом,

вошла в историю как самая кровопролитная и масштабная. Пожар войны полыхал 2194 дня и ночи на пространствах Европы и Азии. Война втянула в свою орбиту более 80 процентов населения планеты, явилась результатом непримиримых противоречий двух социально-политически противоположных групп государств: социалистического Советского Союза и агрессивного блока империалистических стран Германии, Италии и Японии [1].

С 22 июня 1941 г., т.е. со времени вероломного нападения на СССР гитлеровской Германии, Великая Отечественная война советских людей против фашистского агрессора, является началом нового периода, который завершился полным разгромом сил фашизма и милитаризма.

В результате общегерманских выборов в 1933 году гитлеровцы пришли к власти. Политика и идеология фашизма – это ставка на силу и подготовка к войне. Предвидя агрессивные планы фашистского режима для профессионального руководства советскими отраслями индустрии, экономики страны в целом, была начата реорганизация руководящих промышленных народных комиссариатов. Во вновь созданных наркоматах как штабах управления развитием производственных отраслей, объединились взаимосвязанные по характеру работы промышленные предприятия, чтобы глубже и квалифицированно вникать во все стороны их деятельности. В 1940 г. в СССР промышленными отраслями экономики руководил 21 народный комиссариат вместо 6 в 1938-1939 годах [2].

В ноябре 1939 г. на основе решений XVIII-го партийного съезда в центральных комитетах республиканских парторганизаций, областных и крупных городских комитетах партии созданы производственно-отраслевые отделы: угольной и металлургической промышленности, энергетики, транспорта и связи, нефтяной и химической промышленности, машиностроения, строительства. Были введены должности отраслевых секретарей в центральных комитетах республик и областных комитетах промышленно развитых регионах. В отрасли и на предприятия оборонной промышленности были направлены наиболее зрелые партийные кадры, имеющие специальную, инженерно-техническую подготовку и практический опыт работы на предприятиях военного назначения. Заводы и фабрики оборонного комплекса страны в первоочередном порядке обеспечивались квалифицированными рабочими и специалистами, необходимыми материалами, финансами и сырьем. В результате принятых мер выпуск оборонной продукции ежегодно возрос в среднем на 39 процентов при росте всей промышленности на 13 проц. На востоке страны создавалась мощная экономическая база, превратившая в годы войны Урал, Западную Сибирь, Казахстан и Среднюю Азию в мощный арсенал фронта. До войны эти районы давали в среднем до 30 проц. производства стали, угля, чугуна и нефти [3].

На 1-е января 1939 г. по сведениям Центрального управления народнохозяйственного учета СССР среднегодовая численность всего персонала рабочих в стране составляла 13 млн. 495 тыс. 356 человек. Отряд рабочих, занятых на предприятиях крупной промышленности составлял 11 млн. 710 тыс. 423 человека, т.е. СССР к 1939 г. по меркам тех времен был в числе индустриально развитых стран [4]. По производству промышленной продукции, включая горнодобывающие отрасли экономики, плановые рубежи 3-ой пятилетки в целом выполнялись, достигли 86 проц. конечных плановых показателей. Финансирование обороны в 1939-1940 годах поднялось до 26,4 процента Госбюджета, что было более чем в два раза больше чем во 2-пятилетке 1933-1937 годах [5, с. 105].

В Казахской ССР в 1940 г. производство продукции крупной промышленности составило 1 млрд. 132 млн. 871 тысяча рублей, добыча угля достигла около 7 млн. тонн, нефти и газа превысила 726 тысяч тонн. Эти показатели были достаточно высокими по сравнению с другими союзными республиками СССР. Только Азербайджанская ССР, являясь основным нефтедобывающим регионом, превосходила другие республики по объему добычи нефти и газа, это более 24,5 млн. тонн, а по валовой продукции крупной промышленности – это 2 млрд. 558 млн. 617 тыс. рублей.

В Казахстане средняя численность (в 1939 г.) рабочих, занятых в промышленном производстве составила свыше 227 тыс. человек, из них в отраслях крупной промышленности – почти 185 тыс. человек. При общей численности населения в республике – 6,2 млн. человек. Для сравнения: в отраслях крупной промышленности было занято в Азербайджане – около 139 тыс., Грузии – 105 тыс., Узбекистане – 148,8 тыс. человек [6].

Казахстан к началу войны был в числе наиболее индустриально развитых республик Союза ССР. Высокие темпы развития экономики здесь были установлены со времени 1-ой советской пятилетки в конце 20-х.

В ходе осуществления плановых заданий первой пятилетки, а именно в 1930 году, высшее партийно-правительственное руководство СССР приняло решение пересмотреть экономическое развитие Казахстана с учетом его огромных минерально-сырьевых ресурсов. Из общесоюзного бюджета для ускоренного развития горно-металлургических производств республики было выделено 6,4 млрд. рублей вместо ранее предусмотренных по плану 1,7 млрд. рублей [7].

В годы последующих пятилеток темпы и объемы промышленного производства оставались высокими.

Таблица. Гитлер начал войну против СССР используя весь потенциал Европы. Силы европейских союзников фашистской Германии, выделенные для агрессии против СССР.

Государства Европы	Пехотные и моториз. дивизии	Пехотные и моториз. бригады	Кавал. бригады	Танки	Орудия и минометы	Боевые самолеты	Корабли
Италия	3	-	-	60	1000	70	-
Финляндия	16	2	1	86	св.2000	307	52
Румыния	13	6	3	60	ок.3000	623	57
Венгрия	-	3	1	116	св.200	48	-
Итого	32	11	5	322	6200	1048	109

Всего у границ СССР для действий против Красной Армии и Военно-Морского Флота союзники гитлеровской Германии к 22.06.1941 г. развернули 29 пехотных дивизий, 16 бригад, около тысячи самолетов, более 5200 орудий и минометов, свыше 260 танков и 109 кораблей. Это позволило немцам поднять боевые силы немецкого вермахта на главных направлениях нападения на СССР [8]. Вероломное вторжение ударных сил фашистской Германии на территории СССР тщательно было распланировано по времени.

Разработка замысла агрессии на Советский Союз завершилась 31 июля 1940 г. В тот же день в Берхгофе состоялось совещание руководящего состава вооруженных сил Германии, на котором были уточнены цели и замысел войны, определены её сроки. На этом совещании Гитлер обосновал необходимость военного разгрома СССР стремлением завоевать господство в Европе. «Россия должна быть ликвидирована, срок – весна 1941 года,» – заявил Гитлер. Нападение намечалось на 15 мая 1941 г. В конце апреля 1941 г. политическое и военное руководство Германии окончательно установило дату нападения на СССР: воскресенье 22 июня 1941 г. Перенесение срока с мая на июнь было вызвано необходимостью передислоцировать к границам СССР силы, участвовавшие в агрессии против Югославии и Греции [8, с. 339].

Фашистские силы вторжения на советскую страну составили 5,5 млн. солдат и офицеров, почти 5 тысяч самолетов, свыше 3500 танков. Вслед за Германией против СССР вступили Венгрия, Италия, Румыния, Словакия и Финляндия [5, с. 113].

Необходимо отметить ряд характерных сторон и особенности начавшейся 22 июня 1941 г. войны с точки зрения политико-идеологических оценок. Во-первых, за 1,5-2 года довоенного времени, точнее, после заключения с нацистской Германией пакта о ненападении от 23 августа 1939 года, в советских средствах массовой информации была приостановлена антифашистская пропаганда, направленная на разоблачение сущности гитлеризма как государственной политики на основе расизма и этнической исключительности немцев “арийского происхождения”. Во-вторых,

вероломное вторжение фашистских захватчиков надо было ясно показать как войну между двумя противоположными социально-политическим строем – между германским империализмом и российским социализмом. В первый день войны, 22 июня, В.М.Молотов, выступая от имени политического руководства СССР, сказал: “Красная Армия и весь наш народ вновь поведут победоносную Отечественную войну за Родину, за честь, за свободу.” В третьих, официальная характеристика войны была дана в речи И.В.Сталина на Одиннадцатый день, 3 июля 1941 года: “Целью этой всенародной отечественной войны против фашистских угнетателей является не только ликвидация опасности, нависшей над нашей страной, но и помощь всем народам Европы, стонущим под игом германского фашизма. В этой освободительной войне мы не будем одинокими” [9].

Советские люди встали в едином порыве на войну Отечественную и освободительную. Они защищали свое государство рабочих и крестьян с его очевидными и реальными социальными завоеваниями. Потому для советских людей война стала всенародной. Наряду с лозунгом “Все для фронта! Все для Победы!”, призыв “Пролетарии всех стран, соединяйтесь!” (кстати, провозглашенный немецкими мыслителями Марксом и Энгельсом в 1847 году) был заменен на боевой клич: “Смерть немецким оккупантам!”.

Успехи в проведении массовой мобилизации граждан в РККА, небывалой эвакуации миллионов людей несколько сотен предприятий и учреждений на восточные районы страны, превращение в кратчайшие сроки всего ритма жизнедеятельности общества на военный лад, многие другие первоочередные мероприятия являются результатом всенародного характера борьбы против фашистских оккупантов. Отдельные факты сотрудничества с врагом, проявление коллаборационизма на захваченных территориях, другие негативные случаи, не меняли в целом всенародного характера войны с нацизмом.

Вероломное и внезапное нападение гитлеровцев на СССР, низкая боеспособность и незавершенность перевооружения РККА в начале войны привели к огромным людским жертвам, отступлению и пленению многих соединений и частей Красной Армии. Советско-финляндская война 1939-1940 гг. показала, что в боевой подготовке Красной Армии были серьезные недостатки. Войска были вынуждены учиться и накапливать опыт боевых действий в ходе ведения войны в трудных зимних условиях севера. Война длилась 105 дней, людские потери Красной Армии составили 121875 человек, войск Финляндии – 52516 человек. Силовое принуждение Финляндии к выполнению советских условий стоило Красной Армии больших потерь [10].

Неожиданно, вскоре после окончания войны с Финляндией, 7 мая 1940 года, была осуществлена смена руководства Народного Комиссариата обороны СССР. Маршал Советского Союза К.Е. Ворошилов, бессменно находившийся во главе Красной Армии 15 лет, был освобожден от

